



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№50 (587)
12 желтоқсан,
2024 жыл



ІТ

МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТОҒЫСТЫРҒАН ЖАСТАР

Жуырда Қытайдың «Кремний алкабы» ретінде танылған Чжунгуаньцуньда «Zhongguancun World Competition 2024» халықаралық инновациялық жобалар сайысы өтті. Белелді байқауға әлемнің 30 елінен 1500-ден астам жоба ұсынылған. Маңызды һәм тартысты бәсекеге қазақстандық жас технократтар да қатысты. Олар бақ сынап қана қоймай, 2-орын иеленіп, ел мерейін асырды.

Қазақстанның атынан қатысқан жастар «Q Argo» жобасын ұсынған. Ал бұл бастаманың мақсаты мен ерекшелігі неде? Біздегі сауалға жауап алу үшін команда мүшесі Мадина Абдулламен байланыстық. Ол – Ақтау қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы.

– Мадина, әлемдік аренадағы жүлде құтты болсын! Байқауда қорғаған «Q Argo» туралы толығырақ білгіміз келеді.

– Рақмет! Жалпы елімізде жылына 8 мыңға жуық мал жоғалады. Ал оны іздеуге шыққан шопандардың да аласпауына ешқандай кепіл жоқ. Яғни адамдардың да жоғалу қаупі басым. Сонымен қатар қазір ауыл шаруашылығының 15 пайызы ғана цифрландырылған. Ең қызығы бұл көрсеткіш өзге елдерде 50-80%-ға дейін жетеді.

4-бетте

ЕҢСЕСІ БИІК ЕГЕМЕНДІК

Тәуелсіздік – кез келген елдің өткені мен бүгінгі һәм болашағының бейнесі. Ұзақ уақыт теңдік пен еркіндікті асыға күтіп, небір нәубетті артқа тастап, қилы замандарды бастан кешкен ұлт үшін бұдан асқан бақыт жоқ шығар... Егемендік еншісін алып, келешегіне көз тастаған ұлттың әрбір басқан қадамында жас буынның да қосқан үлесі аз емес. Өткенге көз тастасақ, 1991 жылдан бері келе жастарға тәуелсіздік тарту еткен тосынсырлар аз болмады.

Ел еңсе тіктегелі жастарға берілген мүмкіндіктің алғашқысы – «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңның қабылдануы. 2015 жылы қабылданған заңның аясында саяси бағыттың жоспары тізбектелді. Жүйелі жүрген жұмыстың нәтижесі бүгінгі күнге дейін елдің көз алдында. Тың жобалар, баянды бастамалар жас буынға түрлі мүмкіндік беріп, сан салаға серпін сыйлады.

Жастарға жасалған үлкен мүмкіндіктердің ұшар басында білім саласына берілген басымдық тұрғаны белгілі. Өйткені, өскелең ұрпаққа өзге елде білімін жетілдіруге жол ашылды, берілетін гранттардың саны артты. Соның нәтижесінде білімді һәм ой өрісі кең жастардың қатары көбейді.

Мемлекет кейінгі буын үшін қолайлы жағдай жасауда әлеуметтік мәселелердің шешім табуы да назардан тыс қалдырмады. Жастар саясаты саласында түрлі ұсыныстар көтеріліп, жобалар жан-жақты талқыланып, қолдау таба бастады. Шет ауылдарды қоғаландыру мен абаттандыруға да ерекше көңіл бөлінді. Кәсіп бастағысы келетін жастар үшін шағын несие беретін түрлі бағдарламалар ұсынылды.

2-бетте



ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Жылдамдық шектеуіне салғырт қарайтын жүргізушілердің көбеюі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Жол қауіпсіздігіне желең қарайтындардың кесірінен жылына мыңдаған адам ажалынан бұрын келген апаттан көз жұмады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің берген деректері бойынша, өткен жылы елімізде 15 886 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 1 984 адам ажал құшқан. Жолда жүру ережелеріне неліктен жауапсыздықпен қараймыз? Мақаламызда талқыладық.

Бүгінде көлікке сұраныс көп, нәтижесінде жолда орын алатын оқиғалардың да саны артты. Қазір баласы кәмелет жасқа жеткен күні көлік сыйлайтын ата-ана көп. Кейбірі жүргізуші куәлігінсіз-ақ қала көшелерінде ойқақтап жүр. Қауіпсіздік белдігі тағылмаған, қалада рұқсат етілген жоғары жылдамдық сақталмаған – бұл жаппай орын алып жатқан заңға бағынбаушылықтың жалпы көрінісі, ал жолда жүру ережелері туралы айтпасақ та түсінікті. Заң күшейген сайын, оны сорақылықпен бұзатындар да азаймақ емес. Бірақ «тағы да айыппұл» деп ренжітін халықтың қарасы басым.

Хош. Жүргізуші куәлігі жоқтар былай тұрсын, куәлігі бар жандар да жолда ереже сақтап жүргенін шамалы. Жыл басынан бері өңірде қауіпсіздік белдігін таппаған 9244 жүргізуші әкімшілік жазаға тартылған. Өлі күнге дейін бағдаршамның сары шамынан «үлгеремін» деп жылдамдығын үдететіндер көп. Көрер көзге мысал ретінде, қараша айында адам өмірін жалмаған оқиғаны атасақ болады. Атап өткен «үлгереміннің» үлгісін көрсеткен жүргізуші аяқ астында адам қазасының себепкері болды. Апат айтып келмейді деген осы. Қаламызда жыл басынан бері 357 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, салдарынан 27 адам қаза тауып, 439 адам түрлі дене жарақаттарын алған.

3-бетте

«БОЛАШАҚ» НЕДЕН МҮЛТ КЕТТІ?



Кейінгі уақытта «Болашақтың» басынан дау арылмай-ақ қойды. Оған себеп те жоқ емес. «Отыз жылдағы олжа қане?» деген қыжыл бір күнде бұрк еткендей. Көз жұмып қарауға болмайтын кемшілік айтылып, тиімділігін де түгендеп жатыр жүрт. Әрқайсысының айтар уәжі бар. Бағдарлама енгізілгені бері 922 адам «Болашақ» мәртебесінен мәжбүрлі түрде айырылса, 39 «болашақтық» өмірден озған. Ал 270-ке жуық стипендияттың Отанға оралмауы істің насырға шабуына түрткі. «Қадр тапшылығын қайтесек оналтамыз?» деген мәселе әлі де сұрақ күйінде тұр. «Болашақтың» жабуға кім, қалай қарайды? Толығырақ мақаламызда тарқатамыз.

5-бетте



16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Басы 1-бетте

ЕҢСЕСІ БИІК ЕГЕМЕНДІК

Тәуелсіздік алған уақыттан бері жастарға жасалған мүмкіндіктер қатарында ең маңыздысы баспана жайы екенін ұмытпаған жөн. Өйткені әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған бұл мәселе бүгінгі күні өзінде оң шешімін тауып келеді. Мемлекеттік бағдарламалардың арқасында көптеген жастарға баспаналы болу бақыты бұйырды. Яғни, бағдарламалардың игілігін көрген жастар аз болмады.

Жастар бұрыс бағытқа, басқа арнаға түсіп кетпес үшін олардың уақытты тиімді пайдалануын үйлестіру маңызды мәселе. Яғни салауатты өмір салтын ұстанатын қоғамға бейімдеу басты басымдықтардың бірі. Бұл бағытта да

атқарылған жұмыстар аз емес. Елдің түкпір-түкпіріндегі ауыл-аймақтарда жастарға арналған спорт нысандары көптеп ашылды. Одан бөлек өнерлі жастар үшін түрлі үйірмелер есігін ашты. Кітапханалар мен театрлар

тұрақты жұмыс істеуде. Мұның барлығы жастардың көзін ашып, таным көкжиегін кеңейтуде, руханият пен мәдениетті қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Тәуелсіздік – әрбір қазақ баласының қастерлі мерекесі. Бұл күн әрбір жас буынды өз ұлтының өткеніне көз тастап, болашағына байыппен қарауға шақырады. Бүгінде Қызылорда облысында тәуелсіздік тарту еткен тосынсайларды тиімді пайдаланып жүрген жас жетерлік. Білімді, іскер, көшбасшы, кәсіпкер жастардың

барлығы сол мемлекет берген мүмкіндіктердің арқасында болашағын іргетасын қалауда.

Айтулы күнде «Ақмешіт жастары» газетінің жұмыс оқырмандарын Тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтайды. Тыныштығымыз бен тұрақтылығымыз мәңгі, жастардың болашағы жарқын болғай! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болсын! Мереке құтты болсын!

Нұр БАҚЫТ

Қазақстанның тәуелсіздігі – халқымыздың ғасырлар бойғы арманының орындалуы, ұлттың еркіндікке ұмтылысын бейнелейтін тарихи оқиға. Бұл жолда талай қиындықтар мен күрестерден өттік. Сол күрестердің бірі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Бұл оқиға қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына, әділеттілікке деген ұмтылысының айқын көрінісіне айналды.

ЕГЕМЕНДІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛЫ КҮРЕС

«ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК ШЕЖІРЕСІ»

Желтоқсан көтерілісі:
еркіндік үшін күрес

1986 жылы 16 желтоқсанда Кеңес Одағы басшылығы Қазақ КСР-інің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевты қызметінен алып, орнына Ресейден келген Геннадий Колбинді тағайындады. Бұл шешім қазақ жастарының арасында үлкен наразылық туғызды. Алматы қаласының орталығына мыңдаған студенттер мен жұмысшы жастар жиналып, өздерінің ұлттық намысы мен құқығын қорғауға шыққан болатын.

Көтеріліс бейбіт түрде басталғанымен, биліктің қатал әрекеті жағдайды ушықтырды. Полиция, арнайы әскерлер және милиция шерушілерге қарсы күш қолданып, көптеген жас-өспірімдер ұрып-соғылды, қамауға алынды. Бұл оқиға кеңестік жүйенің қазақ халқының мүддесіне қарсы бағытталған саясатынан шаршаған халықтың ашу-ызасын ашып көрсетті.

Желтоқсан көтерілісі Кеңес Одағының тоталитарлық жүйесіне қарсы шыққан алғашқы



қозғалыстардың бірі болды. Бұл оқиға бүкіл Одақ көлемінде ұлт-азаттық қозғалыстардың күшеюіне әсер етті. Қазақ жастарының батылдығы мен ерлігі басқа республикаларға үлгі болып, тәуелсіздікке деген ұмтылысты нығайтты.

Көтеріліс нәтижесінде көптеген жас қазақтар жазықсыз жазаланып, қуғын-сүргінге ұшырады. Дегенмен олардың күресі текке кетпеді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, әлемдік қауым-

дастыққа толыққанды егемен ел ретінде танылды.

Қазақстанның тәуелсіздігі – халқымыздың өткен жолына құрмет көрсетіп, болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік беретін ұлы жетістік. Желтоқсан оқиғасы тек тарихи сәт емес, ол ұлттық бірлік пен рухтың символы. Тәуелсіздікті сақтау үшін тарихымызды ұмытпай, оны бағалауымыз қажет.

Желтоқсан көтерілісінен алған сабақ – әділетсіздікке қарсы тұру, ұлттық құндылықтарды қорғау,

еркіндікке деген ұмтылыстың ешқашан сөнбейтінін дәлелдейді. Қазақ жастарының сол кездегі батылдығы, әпке аналарымыздың көзінен жас емес қан ағып, шаштары өртеніп, еріндері жырытылып, көз айдындарының мұз болып қатқаны, әке ағаларымыздың денелері тілім-тілім бола тұра, суық күні большевиктердің жүрегі секілді мұздай суға шомылып, келбетті кескіндерінен бір сәтте айырылуы бүгінгі ұрпақ үшін елге деген махаббаттың және жауапкершіліктің үлгісі деп білемін.

1986 жылғы желтоқсан көтерілісі Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бастауы болып, халықтың ұлттық рухын жаңғыртты. Осы тарихи оқиға бізге бостандықтың қадірін түсініп, оны сақтаудың маңыздылығын үйретеді. Тәуелсіздігімізді нығайту – әрбір қазақтандықтың қасиетті борышы.

Нұрсіла БАХТИЯР,
№39 «Қызылөзек» орта мектебінің
11 сынып оқушысы

Жадымда желтоқсанның жаңғырығы



Бішқынып жел жеткізеді бір үнді,
Жабық жатқан кара түндік түрліді.
Жарық түсті үй ішіне сәулелі,
Өшкен жанып, өлген қайта тірілді!

Желтоқсанды жиі еске аламын,
Аш бөрідей ұлып тұрды заманым.
Сол күндердің куәсімін мен де бір,
Арпалысқан тұсы ақ пен қараның.

Дүйім елді дүрліктірген дүрбелен,
Болатынын ешкім-дағы білмеген.
Желтоқсанның он жетісі алаңға
Барған едім достарыммен бірге мен.

Алаңдағы сол қырғанды көз көрді,
Бәрі, бәрі бір-ақ күнде өзгерді.
Аштық, нәубет, қасіретті көп көрген,
Халқым тағы қиын кезге кез келді.

Бұзып-жарып қиянаттың қамалын,
Қарсы тұрдық – төңкерісі сананың.
Тіршілікте бірі жеңбей, бітпеспес,
Күресі бұл ескі менен жаңаның.

Жұтып жатты ажал ашып араның,
Талай жасты тартқан зұлмат залалың.
Желтоқсанда жанға түскен әлі күн
Ауырады орны ескі жараның.

Арқалап ап нақақ жасын наланың,
Құрбаны боп жалған жапқан жаланың.
Кете барды бәрін артта қалдырып,
Қыршындары қасиетті даланың.

Жарқ етіп бір жоғалады жұлдыздар,
Сондарында қалатұғын нұрлы із бар.
Жағаласқан талай жаңды жалмады,
Желтоқсанда соғып өткен түнгі ызғар.

Манай толды жеңдеттерге қаптаған,
Сырттай торып, сұмдар тыныш жатпаған.
Сырақ жандай төсек тартқан тұрмастай,
Сүп-сүр болып сұлық тұспы жатты алаң...

Жандайшаптар жалғандыққа бас ұрып,
Шыңдық дарға өлтірілді асылып.
Мылқау-дүние тұрды тілі кесіліп,
Не сұмдықтың бәрін ішке жасырып.

Қызыл гүлдер үлгермеді ашылып,
Аяз ұрып, жатты солып, басылып.
Әр жерінде қалды сол бір алаңның,
Қаракөздер моншақтары шашылып.

Ойлап кетсем жанар жасқа толады,
Айтар менің қайғы-мұңым көп әлі.
Өзек талып, өзен-көлдер суалып,
Дала ауыр күрсінгендей болады.

Суық еді, күннің көзі күлмеген,
Ұлттық намыс жастық отын үрлеген.
Бастау алған сол күндерден бүгінгім,
Тәуелсіздік, азаттыққа үндеген.

Әділеттің айы туып, ақталып,
Қуанамын көңіл толқып, шаттанып.
Қалып қойды өшпестей боп жадымда,
Желтоқсанның жаңғырығы жаталып.

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА

МЕН ҰМЫТПАЙТЫН ОҚИҒА

1986 жыл еліміздің өткені мен бүгінгісінің арасын байланыстырған желтоқсан оқиғасымен есте қалды. Бұл тәуелсіздік туын желбіретуге серпін берген оқиға болды. Ол кезде мен Алматы қаласында Алматы шетел тілдері педагогикалық институтының француз тілі факультетінің II курс студентімін. 18 жаста едім.

16 желтоқсан күні сабақ болады деп аудиторияда отырдық. Оқытушымыз келе дегенді, топта 10 студент оқимыз: 2 ер бала, 8 қыз бала. Ер баланың бірі Абай Омаров армия қатарына барып келген, ересектеу жігіт. Сол жігіт келіп, «алаңға барамыз, жиналыңдар» деді. Қайдан, кімнен естігенін түсіндірген жоқ. Жастардың алаңға жиналып жатқанын айтты, оны естіп, біз де шықтық. Көшеде ешқандай трамвай, автобус, троллейбус жүріп жатқан жоқ. Әр жерде тоқтап тұр. Республика алаңындағы жастар «Менің Қазақстаным» әнін айтып жатты, біз де қосылдық. Біраз жігіттер алаңға жиналуың себебін айтып, түсіндіріп жүрді.

Дінмұхамед Қонаевты орнынан алып тастап, орнына Г.Колбинді қойды дегенді естіп, көптің бойын ашу-ыза кернеді. Оны көзбен көрдік. «Әр ұлтқа – өз көсемі» деп айқайлап тұрдық. Жастар Қазақстанда қазақ басшы болу керек деген оймен әділетсіздікке қарсы тұрды деп ойлаймын. Сол жастардың арасында жүргенім рас. 16-17 желтоқсан алаңда жүрдік. 16 желтоқсан ән айтып, үлкендердің әңгімелерін тындап қайттық. Ал 17 желтоқсан күні барғанымызда алаң курсанттармен қоршалған, алаңға ешкімді өткізбеді. Су шашқан өрт сөндіру машиналармен жастарды қуып жатты. Алыстан келе жатқан БТР машиналарын көріп тұрдық. Бір кезде бізге қарай келе

жатқан милиция курсанттарын көріп, жан-жаққа қаша бастадық. Бәріміз Абай даңғылына келген кезде, жанымда келе жатқан қыздар: «Майра, басыңа не болды? Ауырмай ма?» деген кезде түсінбедім. Қолыммен басымды сипасам, қолым қан болды. Ет қызумен білмегенмін бе, әлде жанталаса жүргенмін бе, қашан қалай таяқ тигенін білмеймін. Қасымда қыздар жиналып, тын жинап, дәреханадан йод, дәке алып, басымды байлап берді. Жатақханаға бәріміз бас киім киіп, сырт киімдерімізді қолымызға ұстап кірдік. Ойткені менің пальтомың арты қан болып қалыпты. Сол күні тек мен емес, арқасы, жамбасы көгерген, ісіп кеткен біраз қыздар болды. Сол күннен бастап, жатақханада мұғалімдердің кезекшілік кестесі, сабақтардың сол жатақханада өтуі ұйымдастырылды. Сабақта барлығымыз бас киіммен отырдық, бұл мені қолдаған группаластарымның іс-әрекеті болатын.

Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауы болған сол бір тарихи сәтті жадымыздан шығармақ емеспіз. Бейбіт өмірімізге бастау болған желтоқсан оқиғасының сыры көп...

Майра Орғараева,
Желтоқсан куәгері,

С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің өндірістік оқыту шебері

Дүниежүзінде алты мыңға жуық ұлт пен ұлыс бар. Солардың ішінде шамамен тек екі жүздей ұлт тәуелсіз мемлекет ретінде егемендікке қол жеткізген. Біздің де елдің терезесі тең халық ретінде көрінуі – біз үшін үлкен бақыт.

ЕРКІНДІК ЖАРШЫСЫ БОЛҒАН КҮННІҢ ТАРИХЫ

Бұл күні – ұлтымыз егемендікке қол жеткізіп, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндік алды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Осы тұста әлем картасында жаңа мемлекет ретінде белгіленді. Бұл күн әр қазақстандық үшін ерекше мәнге ие. Сонымен қатар қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған еркіндік пен тәуелсіздікке қол жеткізуі салтанатпен еске алынады. Ата-бабаларымыздың күресі мен батылдығының арқасында бүгінгі ұрпақ бейбітшілікте өмір сүріп келеді.

Тәуелсіздікке жету жолында көп тарихи оқиға мен қиыншылық болған. Соның ішінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының маңызы ерекше. Бұл оқиға қазақ халқының еркіндік пен әділдікке деген ұмтылысының жарқын көрінісі болды. Алматыда өткен бұл көтерілісте жастар Кеңес Одағының әділетсіз шешімдеріне қарсы шығып, ұлттық намыс пен тәуелсіздікті талап етті. Желтоқсан оқиғасы көптеген жасты құрбан етті, бірақ ол халқымыздың рухын сындыра алмады. Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты жас батырлар өз өмірін тәуелсіздік жолына арнап, есімдері ел жады мен тарихында мәңгіге жазылды.

Тәуелсіздік – бұл өткенге құрмет көрсету ғана емес, сондай-ақ болашаққа деген сенімнің, бірлік пен ынтымақтың символы. Жас ұрпақ бұл күнді мақтанышпен атап өтіп, еліміздің жетістіктері мен дамуы үшін аянбай еңбек етуі тиіс. Осылайша Тәуелсіздік күні халқымыздың еркіндік жолындағы күресі мен рухының қуатын еске салып, еліміздің жаңа белеске жетуіне жігер береді.

Нұрай НҮРЛАН,
М.Дүйсенов атындағы

№15 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Басы 1 - бетте

Бір қаладан екіншісіне жылдам жету үшін такси қызметін қолданатындар көп. Қызылордадан Түркістанға бару уақыты кем дегенде 3 сағатты құраса, Шымкент, Алматы секілді алпауыт қалаларға рұқсат етілген жылдамдықпен жету үшін екі есе, тіпті үш есе көп уақыт қажет. Дегенмен жол шаршатады, жүргізушінің көңілін бөлетін бұрылыс аз. Автомагистральда рұқсат етілген жылдамдық сағатына 110 шақырымды құрайды. Алайда есероқтанған кейбір «есіз» жүргізушілер тез жетудің қамын жасаймын деп, ережені елемейді. Жолымды қысқартамын деген жүргізушілердің бұл басыздығынан өмір жасы қысқарған жолаушы көбейіп кетті. Былғы көрсеткіш бойынша жол-көлік оқиғасынан қаза тапқандар 15,6%-ға төмендеді, десе де жол апаты 39,1%-ға, ал жарақат алғандар 41,6%-ға жеткен.

Одан қалды жүргізушілер жолда «қалғып кетпейін» деп түрлі энергетик сусындар ішеді. Ал сіз жолда орын алатын апаттың себептеріне оның да қатысы бар екенін білесіз бе? Бұл тек автомагистральға шығатын автокөлік жүргізушілеріне ғана емес, сондай-ақ қаладағы көлік жүргізушілеріне де қатысы бар ақпарат.

– Көлік жүргізу кезінде демалыс пен еңбек режимін сақтамайтын жүргізуші адам ықтималды кісі өлтірушіге айналады. Сонымен қатар ол өзіне және жақындарына ғана емес, айналасындағы автокөлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерге де қауіп төндіреді. Ұйқышылық жағдайы сергектік пен еңбек өнімділігін төмендетеді. Сондай-ақ зейін, есте сақтау қабілеті төмендейді, қозғалыс үйлесімділігі де баяулайды. Жүргізушілердің басым көпшілігі дұрыс демалмаудың салдары апатқа алып баратынын жете түсінбейді. Әсіресе бұл жағдай ұзақ жолға және алыс сапарларға шығатын, ауыр жүк көліктерін жүргізетін немесе жолаушы тасымалдайтын көлік жүргізушілеріне қатысты. Қызылорда облысының барлық тұрғыны мен қонақтарына трассадағы көлік қозғалысы кезінде көлік жүргізушінің бақылап, қадағалап отыруын сұраймыз. Көбіне жолаушылар жүргізушінің шаршағанын және ұйықтағысы келіп отырғанын біледі, көреді. Алайда мұндай жағ-

дайға немқұрайлы қарайды. Ал немқұрайлық көп жағдайда ауыр зардапқа әкелуі мүмкін. Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтаңыз, – дейді Қызылорда ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасы патрульдік полиция роты командирі полиция майоры Дархан Алматы.

Бұрын жолдың сапасын сынға алушы едік, биыл бұл олқылықтың орны біраз толысты. Қаладағы маңызы бар көшелерде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 32,3 млрд теңге бөлініп, жалпы ұзындығы 261 шақырым болатын автомобиль жолдары жөндеуден өтті. Сонымен қатар 37 шақырым жерге түнгі жарық шамдары орнатылып, 43 шақырым аймаққа жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салынды. 35 жаяу жүргіншілер өткеліне лазерлі сәуле таратушы құрылғы құрылып, оқыс оқиғаның алдын алу үшін 20 жерде жасанды тегіс еместік қондырғылары орнатылды.

Үлкен жолдарда орын алатын апаттардың алдын алу үшін құзырлы органдар республикалық маңызы бар тас жолдардың қауіпті аймақтарына ескертпелер орнатуды жоспарлауда. Түнгі уақытта жүргізушілердің назарын аудару үшін 6 дана жарқылдауық маяк, 9 орынға «Әкетай асықпа», «Құрметті жүргізуші! Жылдамдықты шамадан тыс асырма» мәтіні бар панолар, 7 жерге бейнекамера, сондай-ақ 10 дана қызметтік автокөлік мәкеттерінің муляждары сынды белгілер орнатылады деп күтілуде. Сонымен қатар, 7 ауданға 2 данадан жылдамдықты автоматты түрде тіркейтін өлшегіш құрылғыларды құру көзделген.

Жолда орын алатын апат қатарын кейінгі кезде қолданысқа кеңінен енген мопед пен скутер де толықтырып отыр. Қаңтар айынан бері 1266 скутер жүргізушісі заң бұзып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде 105 скутердің қатысуымен жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 3 адам қайтыс болған және 17 адам түрлі дене жарақаттарын алған.

Құзырлы органдар қыс келісімен жаздық



дөңгелектерді қыстық шинаға ауыстыруды міндеттейді. Алайда облыста желтоқсан айында көктайғаққа байланысты бірнеше апат орын алып та үлгерді.

Ескере кететін тағы бір жайт – жүргізушінің психологиялық жай-күйі. Кейде төрт жолақты жолға сыймай, бір-бірімен жолды бөлісе алмай, даңғылда жарысып жүретін жүргізушілерді кездестіреміз. Мұндай адамдар өз әрекетімен көптің өміріне қауіп төндіретінін ескермейді. Ашудың немесе адреналиннің әсерімен жолда жауапсыздық танытатындардың бұл ісі басқа адамдардың өмірін қиюы мүмкін. Сол себепті, қас-қағым сәтте орын алуы мүмкін оқиғалардың алдын алып, бір-бірімізге құрметпен және сабырмен қарағанымыз жөн.

Білгеніңіз абзал...

Желтоқсан айынан бастап, трассалардағы орташа жылдамдық тіркеуге алынады. Мәселен, 6 сағаттық жолды 4 сағатта жүріп өтетін болсаңыз, қалаға кірер алдындағы учаскелердегі камерасіздің жылдамдығыңызды есепке алады. Нәтижесінде сіздің асырған жылдамдығыңызды уақыт пен арақашықтыққа бөліп, қанша жылдамдықпен жүргендігіңіз есептелінеді. Бұл функция жылдамдықты асыру салдарынан адам қазасының көбеюіне байланысты қолға алынды. Айыппұл мөлшері жылдамдықты қаншалықты асырғанына байланысты 5-40 АЕК (2024 жылы 147 680 теңге) көлемінде болады.

Күндізгі жарық шамдарына да қатысты өзгерістер енгізілді. Бұрын қала ішінде жарық шамын қоспай жүрген жағдайда МАИ қызметкері бірінші ретте айыппұл салуға құқылы еді. Алайда желтоқсан айынан бастап, бұл ережеге өзгеріс еніп, заң бұзушылық алғаш рет орын алса, ескерту жасау міндетті болып бекітілді. Ал егер бір жылдың ішінде

бұл заңсыздыққа тағы жол беретін болсаңыз, 5 АЕК көлемінде айыппұл арқалауға мәжбүр боласыз.

Сондай-ақ «Жол жүрісі туралы» заңға сәйкес, көлік құралын басқару құқығы жоқ және бұған дейін жүргізуші куәлігін алмаған тұлға көлікті мас күйінде (алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде) басқарғаны үшін жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар 7 жыл жүргізуші куәлігін алуға арналған емтиханды тапсыру құқығынан шектеледі.

Жаяу жүргінші, абайла!

Жол көлік оқиғаларына тек қана жүргізушілерді ғана кінәлі етіп қою қате пікір. Себебі жаяу жүргіншілер де жолдағы сақтық шараларына селкостық танытады. Мәселен, жаяу жүргіншілер жолағы орналаспаған жерден көшені кесіп өту, құлаққап тағып, оң-солына мән бермеу, жаяу жүргіншілерге арналған тротуармен жүрмеу секілді өрескел қателіктер күнделікті орын алатыны рас.

Түйін. Халық қауіпсіздігі – басты назарда. Әрбір азаматтың өмірі, денсаулығы мен мүлкі қоғам үшін баға жетпес құндылық. Бұл тұрғыда жол қозғалысындағы тәртіпті сақтау, жолаушылар мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең маңызды міндеттердің бірі. Жолда тек өзіміз үшін ғана емес, жолаушылар мен жаяу жүргіншілердің де қауіпсіздігі үшін жауапты екенімізді естен шығармағанымыз абзал. Құзырлы органдардың да дiттегенi осы – азаматтардың, әсіресе көлік жүргізушілерінің заңды және жол ережелеріне бағынуы. Сол себепті жол да жүру ережелеріне жауапкершілікпен қарайық!

Қорлан САРЫ

VIP НӨМІРГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Автокөлік нөмірлері тек көліктің идентификациялық белгісі ғана емес, сонымен қатар бүгінде мәртебе мен беделді көрсету құралына айналып отыр. VIP нөмірлер – бұл ерекше немесе сирек кездесетін комбинациялардан тұратын көлік нөмірлері. Қазақстанда аталған санаттағы нөмірлерді сату тәжірибесі 2014 жылы енгізілген болатын. Сатудан түскен қаржы ел бюджетіне түседі. Бағалары комбинацияның ерекшелігіне байланысты 210 000 теңгеден бастап миллион теңгеден асып жығылады.

Нақты мәліметтерге сүйенсек, 2017 жылы жоғары сұранысқа ие 4539 мемлекеттік тіркеу нөмір белгілері 1,6 млрд теңгеден астам сомаға сатылса, 2018 жылы 14 909 МТНБ сатылып, 3,5 млрд қаражат қазынаға түскен. Сондай-ақ 2019 жылы 12 658 МТНБ 3 млрд теңгеден астам сомаға сатылса, 2020 жылы 3,9 млрд теңге пайда әкелген. Ал

2021 жылы қазақстандықтардың VIP нөмірлерге жұмсаған қаражат көлемі 5,8 млрд теңгеден құраса, 2022 жылы 7 млрд теңгеден асып түскен. 2023 жылы мамандандырылған ХҚКО-лар 30 мыңнан астам жоғарғы сұранысқа ие мемлекеттік тіркеу нөмірін сатып, 10 млрд теңге көлеміндегі қаражат қазынаға түскен. Ал биыл қазақстандықтар

сұранысы жоғары 31 667 көлік нөмірін сатып алған көрінеді.

Аймақтағы ахуал

Қызылордалық көлік тізгіндеген азаматтар арасында да VIP нөмірлерге сұраныс жылдан жылға артып келеді. Облыс тұрғындары арасында 100, 101, 111, 070 және 077 сандары бар нөмірлер танымал. Мамандандырылған ХҚКО мамандарының айтуынша, қызылордалықтар көбінесе 1 саны басым болатын нөмірлерді таңдайтын көрінеді. Бұны жауапты мамандар аймақ коды 11 болуымен байланыстырады.

2021 жылы облысымызда 562 азамат VIP нөмірге қол жеткізген. Көрсеткіш бойынша «001», «007», «777» «707» және «111» сынды нөмірлерге сұраныс артқан. VIP нөмірлердің құны айлық есептік көрсеткіштің мөлшері артқан сайын қымбаттап отырады.

2022 жылы Қызылордада автокөліктің VIP санатындағы 674 мемлекеттік нөмір рәсімделіп, қазынаға

179 млн 411 мың теңге қаражат түскен.

2023 жылы қызылордалық автокөлік жүргізушілері 1071 жоғары сұранысқа ие VIP нөмірлерге тапсырыс беріп, нәтижесінде бюджетке 334 млн 13 мың теңге қаражат түскен.


2024 жылы жерлестеріміз сұранысы жоғары 1000-ға жуық мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (МТНБ) сатып алып, нәтижесінде қазынаға 300 млн-нан аса қаражат түскен.

– Биыл өңірде 070, 077, 101 цифрлық белгісі бар мемлекеттік нөмірлер жоғары сұранысқа ие болып отыр. Әрбір осындай нөмірдің мемлекеттік

баж мөлшері 57 айлық есептік көрсеткішті (2024 жылы – 210 330 теңге) құрайды, – деп мәлім етті мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығының мамандары.

Сонымен қатар елдегі автокөлік нарығы жайлы қызықты деректерге назар аударсақ, Freedom Finance Global талдаушысы Аңсар Әбуевтің Қазақстан автонарығына жасаған зерттеуі бойынша елдегі автомобильдердің орташа жасы – 14,3 жыл. Бір қызығы елімізде 18-24 жас аралығындағы азаматтар неміс автоөнеркәсібінің өнімін, ал 55 жастан асқан азаматтар қытай автокөліктерін таңдайды екен.

Аружан ОРАЛБАЙ



VIP нөмір	АЕК	Құны
010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 707	57 АЕК	210 330 теңге
+ әріптік белгілермен	114 АЕК	420 660 теңге
100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 800, 888, 900, 999	137 АЕК	505,530 теңге
+ әріптік белгілермен	194 АЕК	715 860 теңге
001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777	228 АЕК	841 320 теңге
+ әріптік белгілермен	285 АЕК	1 051 650 теңге

IT МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТОҒЫСТЫРҒАН ЖАСТАР

Басы 1-бетте



КАТАРДАҒЫ ӨНІМДІ КЕЗДЕСУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қатарға мемлекеттік сапары аясында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Mekdam Holding және Wisdom Technology секілді Қатардың ірі компанияларының өкілдерімен кездесулер өткізіп, Қатардың Байланыс және ақпараттық технологиялар министрі Мұхаммед бин Әли бин Мұхаммед Әл-Маннаймен жүздесті.

Әли бин Мұхаммед Әл-Маннаймен кездесу барысында цифрлық саладағы ынтымақтастықты нығайту перспективалары талқыланып, жасанды интеллектті дамыту және оны экономиканың түрлі секторларында қолдану бойынша ортақ басымдықтар айқындалды.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ IT МАМАНДАРДЫҢ САНЫ АРТТЫ

Еліміздегі IT саланың қарқынды дамуы биыл да жалғасуда.

Мәселен IT компаниялардың саны 18 мыңнан асып, кейінгі үш жылда 16%-ға өскен. Ал ресми дерекке сүйенсек, мамандардың орташа айлық жалақысы 673 мың теңгеге жетті. Пайыздық есептеме бойынша 54%-ға артқан.

Сонымен қатар Қазақстандағы IT маманның саны 187 мыңға жетті. Бұл жұмыспен қамту көрсеткіштерін де айтарлықтай өзгертеді. Себебі ақпараттық технологиялар саласындағы жұмыспен қамтылғандар саны да 12%-ға өсті.

Біздің инновациялық жобамыз дрон арқылы малдың санын бақылауға, жайылымдарды қадағалау мен түрлі қауіп-қатердің алдын алуға мүмкіндік береді. Яғни бұл мал шаруашылығының тиімділігін арттыруға арналған, кез келген ауа райына төтеп беретін, шопанның қызметін атқаратын робот-дрон жүйесі. Басты мақсатымыз – ауыл шаруашылығын цифрландыру арқылы Қазақстан экономикасына үлес қосу. Дрон өрістерге төрт түлікті санап, түгендейді. Ауырып тұрған малды анықтайды. Ең маңыздысы отардан бөлініп қалған қойды тауып береді.

Дрон жасау ауқымды және күрделі жұмыс. Оған арнайы мамандар қажет. Өзірге бізде алғашқы прототип нұсқасы дайын. Нарыққа шығару үшін өнімді жетілдірудеміз. Сондай-ақ инвестицияға ашықпыз.

– Қайткенмен де халықаралық деңгейдегі доғаға кіл мықтылардың жиналғаны анық. Қарсыластардың бәсі қандай болды?

– «Zhongguancun World Competition 2024» біз үшін тәжірибеге толы байқау болды. Онда шамамен 1500 жоба қорғалды. Ол – түрлі идея, инновациялық бастамалар мен жастардың алаңы. Әр команданың өзіндік айтары, ерекшелігі бар. Қарсыластарымыз медицина, бионженерия, технологиялар саласындағы өзекті стартаптарды ұсынды. Top onдыкка GreenEnergy (Australia), CityCycle (India), SafeD (Israel), pureAIR (Brazil), Neuro (USA), Carbonix (UK), Vita.kr (South Korea), Xenogen (Canada), HyperP (Japan) және біз кірдік.

– Өзіңіз айтқандай дрон жасау күрделі жұмыс. Жобаларды іске асыру да жауапкершілік пен уақытты талап етеді. Мұндай тәжірибенің ролі зор. Ал сіз ақпараттық технологияларға қалай және қашан бет бұрдыңыз?

– Назарбаев зияткерлік мектебіне түскеннен кейін стартаптар, ғылыми және инновациялық жобаларға деген қызығушылығым ояныды. Ал 8-сыныптан бастап маркетингті меңгеріп, осы салада жұмыс істей бастадым. 11-сыныпта инновациялар жасауға шабыттанып, IT саласымен жақын таныстым. Менің ойымша, IT – заман қажеттіліктерінің бірі.

Алғашқы жобамды 7-сыныпта әзірледім. «Зерде» байқауына қатысу барысында ұстазымның кеңесімен қаламыздағы экологиялық мәселені шешу жолын қарастырдық. Біз бұл мәселенің шешімі ретінде жерасты қойыс жәшіктерін ұсындық. Әлі есімде оның мәкіні 22.00-ге дейін жасайтынбыз. Жобаны мектепшілік кезеңде қорғап, 2-орынға ие болдық. Әрине, қорқыныш пен тәжірибенің аздығы білінді. Дегенмен ұстазымның қолдауының арқасында жоба жасау процесін толық түсіндім.

Жалпы процеске келетін болсақ, түрлі қиындық кездеседі. Мысалы, бір деталь істен шығуы мүмкін. Мұндай сәтте оны қайта қарап, түзетуге және жобаны жетілдіруге тура келеді. Яғни үнемі ізденісті, жаңа білім мен тәжірибеге жинауды талап етеді. Ең бастысы – идеяға жанашырлық танытып, оған сену. Сол сенім мен ынтымақ жобаның сәтті жүзеге асуына негіз болады.

«Q Agro»-дан бөлек құмар ойындарға тәуелді адамдарға «Антидуомания» атты жоба бар. Ойынға тәуелділіктен арылуға көмектесетін смарт-білезік пен қосымша бар. Ал бұл кейстерге дейін 8 түрлі жобамен айналысып, тәжірибемді толықтырдым. Сонымен қатар «Баста» маркетинг агенттігінің негізін қалап, шамамен 3 жыл жүргіздім. Ал ең сүйікті жобам – «Basta Qazaq».

– Ал идея қайдан келеді?
– Түрлі адаммен әңгімелесуден, көп ойлап, галамторды зерттеуден идея туады. Негізінде «адам идеяны емес, идея адамды таңдайды» деген сөз бар. Ал болашақта қоғамға пайда әкелетін, елімізді дамытатын, тарихта қалатындай жобаларды іске асырғым келеді.

– Мадинаның қоржынындағы жетістіктерімен бөліссеніз...

– «Pizza Pitch», «Science Fair 2024» халықаралық конференция, «Greensolutions» экологиялық конференция, «Technovation Girls» бағдарламасы, «ABC incubation 2024», «Harvard Global Case Competition», «Jastar Startup 2022», «Ozgeris» мектеп бизнес-инкубаторы, «Teenspreneur», «Startup Academy» бағдарламалары мен В.Я.Курбатов атындағы халықаралық химия ғылыми жобалар байқауында бақ сынадым.

Мұнан бөлек, «Idea Battle», «Jastar Startup», «M-Tech 2024», «Mangystau Tech Youth Hackaton» және «Тәуелсіздік ұрпақтары» конкурстарына қатысып, 50000, 250000, 300000, 1000000 теңге көлемінде қаржылай сыйлық алдым. Республикалық «Таза мекен», «Үздік ғылыми жоба», халықаралық «Research Start», «Caspian Startup» байқауларынан 3-орын иеленіп, қоржынымын Қазақстан-Британ техникалық университетінің 100% грантын қостым.

– Бір деңгейде тоқтан қалмау үшін, біліміңізді жетілдіру үшін қандай тәсілдер қолданасыз?

– Галамтор, достар, таныстар және үлкендер – мен үшін білім мен тәжірибеге жинаудың негізгі көзі. Әсіресе, ұстаздарым мен менторларымың, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларының бөліскен білімдері жұмыс барысында іске асады. Қазір білім алу өте қолжетімді. Дегенмен ақылы курстарды да байқап көрдім. Мысалы, менің алғашқы курстарымның бірі дизайнға арналған еді.

Алайда қазір жалған курстарды сататындар да көп. Сондықтан сақ болу қажет. Менің ойымша, ең жақсы ресурстар – кітап, галамтор және адамдардан сұрау арқылы білім алу. Бұл тәсілдер шынайы әрі сенімді ақпарат алуға көмектеседі.

– Бұрын қоғам IT мамандарын тек бағдарламашы немесе компьютер жөндеумен айналысатын адам ретінде қабылдайтын. Қалай ойлайсыз, қазір де осы түсінік бар ма? Ал мұны қалай өзгертуге болады?

– Бүгінде IT мамандардың ролі қоғам үшін ерекше. Кез келген салаға еніп, жаңашылдық әкеледі десем де болады. Бұрынғыдай тек техникалық дағдылармен жұмыс істемейді. Қазіргі IT мамандарға техникалық дағдылардан бөлек, адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату, мәселелерді шешу және инженерлік шешімдер ұсына білу секілді қабілеттер де үлкен артықшылық береді. Мысалы беделді BIG4 компанияларда адамның soft skills пен құндылықтарына ерекше мән береді.

– Қазір гендерлік теңдік тақырыбы жиі қозғалады. IT салада қыз бен ер бала деп бөлін-жару бар ма?

– Менің ойымша, ақпараттық технология бағытында гендерлік бөліну жоқ. Себебі бұл сала адамның жынысына емес, кәсібилігі мен дағдыларына негізделген. Мәселен, нәзік жандардың сән мен эстетикаға ерекше көзқарасы дизайн, UI/UX сияқты бағыттарда үлкен артықшылық бола алады. Сонымен қатар көптеген IT компания әйелдерге қолдау көрсету үшін арнайы бағдарламалар, шекіртақылар мен курстар ұйымдастырып, гендерлік теңдікті сақтауға тырысады. Мен бастысы адамның өз ісіне деген қызығушылығы мен кәсібилігі деп ойлаймын. Барлығына да мүмкіндік бірдей. Ал табысқа жету қабілет пен еңбекке байланысты.

– Ақтауда жас технократтарға, инноваторларға қандай көмек көрсетіледі?

– Біздің өңірде жанашырлыққа бет бұрып, дамуды қалайтындарға жақсы қолдау көрсетіледі. Кейде жастар қаржылық қиындықтарға байланысты Алматы немесе Астана қалаларында өтетін байқауларға қатыса алмай жатады. Мен де солардың қатарында болдым. Дегенмен қазір Mangystau Hub және жастар саясаты басқармасы үлкен жұмыс атқаруда. Олар көптеген байқау ұйымдастырып, технопарк арқылы жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсынууда. Ал мұндай көмек пен қолдау өңірдегі жастардың әлеуетін арттыруға, олардың өз идеяларын жүзеге асыруына және өзге өңірлермен тең дәрежеде дамуына ықпал етеді.

– Жауабыңызға рақмет!

БІЗДІҢ БАЛА...

НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН БАЛАЛЫҚ АРМАН

Газетіміздің 48 нөмірінен бастап қызылордалық жастарды насихаттау мақсатында «Біздің бала...» айдарын қолға алып, шетелде қанат жайған жерлестерімізбен таныстық. Ал бүгінгі шығарылымда ақпараттық технологиялар саласына қадам басып, оқушы болса да IT бағыттағы жобаларға құмарлығымен, үздіксіз ізденісімен сала мамандарының көзіне түсіп, оң бағасын алған кейіпкерімізді ұсынамыз.

Мұқағали Жантүгел – «QR Monuments», «Omni Eye» жобаларының авторы, Серғали Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы.

– IT-ге деген қызығушылығым ертерек, яғни бала кезімде басталды. Жаңа технологиялар, осы саладағы жанашылдық пен әлеуеті көп мүмкіндік қызықтаратын. Бала қызығушылығым іштегі арман күйінде қалмаса екен деп, мақсатқа айналыру үшін жұмыс істедім. Кейін тәуекелге бел буып, бақ сынап, тәжірибеге жинайын деген мақсатта 10-сыныбымда алғашқы жарысыма қатыстым. Осылай жыл соңында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Innofest» инновациялық жобалар фестивалі алғашқы баспадақ болды, – деді ол.

Расмыен, етек-женіңді, ойың мен жоспарыңды жинап, қадам жасау арқылы өмірлік қоржынымызды тәжірибеммен толықтырамыз.

– Алғашқы байқауым инсайттарға толы болды. Өзімнен қатар жалынды жастарды көргенде құлшынысым мен қызығушылым екі есе артты. Ол байқауда «QR Monuments» жобасын әзірледім. Әрине, ешқандай жүлделі орын иеленбедім. Дегенмен мен үшін маңызды сәттің бірі болды. Сол кезден бастап түрлі идеяңды

Кейіпкеріміз қатысқан жобалар фестивалі облыстық деңгейде ұйымдастырылатын үлкен аймақ. Себебі «Inno.Fest»-тің мақсаты 24 сағат ішінде идеядан прототипке дейін IT саласында жоба жасау. Ал бұл өріне шапшаңдық пен тәжірибеге тіреледі. Айта кетейік, сол жылдары аталған байқауда бақ сынауға 2500 жас ниет білдіріп, 250-ге жуық команда қатысқан еді.

– Міне, сол уақыттан бері Kyzylorda Hub ұйымдастыратын семинарларға, курстарға, жарыстарға қатысып, жобаларымды қолға алдым. Ал бұл жұмыстың нәтижесі келесі жаңа жобаның іске асуына септігін тигізді.

Араға уақыт салып, бағамды тағы бір сынау үшін Республика күніне орай өткен «Smart City Kyzylorda Hackathon 2024» IT жобалар хакатонына қатыстым. Ал бұл байқауда жасанды интеллект арқылы қолданатын «Omni Eye» атты үлкен жобамды ұсынып, «Модельдеу» секциясы бойынша бірінші орын алдым. Бұл жобада жасанды интеллект арқылы нақты уақытта объектілерді анықтау, бақылау және картада көрсету мүмкіндіктері біріктірілген. Тиімді тұстарының бірі – түрлі салада мониторинг жүргізе аласың. Бұл жүйені төтенше жағдай кезінде қолдануға да болады. Сонымен қатар стандартты жабдықтарда жұмыс істей отырып, жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді. Қазір осы

жобаның функциялы болып қалып жатырмын, – деп түсіндірді ол.

Облыстық деңгейден, республикалық байқауға жол салып, өз ізін қалыптастыруда еңбек етіп жүрген Мұқағалиға алдағы сапарына сәттілік тілеп,



жүзеге асыру арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болатынын түсіндім, – деп Мұқағали өткен күндерді еске алды.



ӘЛЕМДЕГІ ҮЗДІК 100 ЖОБАНЫҢ ҚАТАРЫНДА

Қазақстандық мектеп оқушылары көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған «ақылды көзілдірік» жобасы арқылы әлемдегі ең үздік 100 жобаның қатарына енді.

Атырау «Білім-Инновация» лицейінің оқушылары Хайдар Атағұлла мен Қайырхан Лұқпановтың «Ақылды көзілдірік» жобасы биылғы 100 Rise Global Winners тізіміне енді. Бұған дейін жоба Jasscience-2024 байқауында жеңіске жетіп, Хайдар Атағұлла кез келген университетте тегін оқу мүмкіндігіне ие болды.

«Ақылды көзілдірік» қалай жұмыс істейді? «RikaAI» жасанды интеллекті негізінде жасалған бұл құрылғы интуитивті басқаруды ұсынады және құлаққап арқылы дауыстық пәрмендермен әрекеттеседі.

Функционалында ChatGPT немесе Wikipedia секілді сұрақтарға жауап беру, мәтінді сканерлеу және оқу арқылы күнделікті тапсырмаларды жеңілдету, көру қабілеті шектеулі адамдарды құлаудан қорғау үшін кедергілерді анықтау және бөлмеде бағдарлануға көмектесу үшін қоршаған ортаны сипаттау қарастырылған.

Бетгі әзірлеген
Әлия ТӨЖІБАЙ

Басы 1-бетте

«БОЛАШАҚ» НЕДЕН МҮЛТ КЕТТІ?

Борышы бар «болашақтықтар»

Стипендиаттардың мемлекет жұмсаған қаражатты жұмыспен өтемеуі өзекті болып отыр. Бұған дейін оның тиісті қадағаланбайтыны да сөз болған еді. Расымен, қаржы мониторингі жүйесі дұрыс құрылмаса, гранттардың ұтымды игерілуі де қиындайды. Былтыр депутат Андрей Лукин «Болашақ» бағдарламасы эмиграция құралына айналып кеткенін айтқан болатын.

– Өткен кезеңде шетелдің жоғары оқу орындарында 15 мыңнан астам стипендиат «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқыған. Оның 12 мыңға жуығынан арнайы мамандар даярланды. Тиісінше, соңғы 12 жылда бұл мақсаттарға 200 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінген. Алайда, орталық жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауы мен Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан тиісті үйлестірудің болмауы салдарынан мамандардың шетелде біліктілігін арттыру үшін бөлінген қаражат ұтымды пайдаланылмай отыр. Ұрлық фактілері де жоқ емес, – деді ол.

Иә, заңсыздық та байқалған. Оу бастағы келісімді қисынсыз бұзу көрінісі жоқ емес. Яғни, стипендиаттардың кепілге алынған мүлкін заңсыз кепілден алу фактілері тіркеліпті. Мұны жоққа шығаруға болмас. Естеріңізде болса, «Болашаққа» қатысты дау шықты. Бұл екі кепілгердің стипендиатқа жақсылық жасаймын деп, жарға жығыла жаздаған оқиғасы. «Болашақ» бағдарламасының бұрынғы түлегі В.Гавриленко кепілге қойған пәтерін кепілден

– «Болашақ» бағдарламасының жұмыс істеп жатқанына 30 жыл болды. Шетелде мамандарды оқытып, дайындап жатырмыз. Өкініштісі сол, Қазақстан экономикасы әлі дамымай жатыр. Күнімізді шикі мұнайды сатып көріп отырмыз. «Болашақ» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді ме? Оны жабу қажет пе?

Бұл Сенаттың жалпы отырысының кулауында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке қойылған сұрақ. Жауап былай болды.

– «Болашақпен» өте көп маман оқыды. Қазір олар өз қызметтерін атқарып жатыр. Оның ішінде хирург, инженер, ұстаз мамандары бар. Өкінішке қарай олардың жұмысы (авт.) көрінбейді. Енді Халықаралық бағдарламалар орталығына сол қарапайым қызметкерлерді шығарып көрсету үшін тапсырма береміз.

Өзіміз жеке пікірім, бізге («Болашақ» бағдарламасы) әлі керек. Қазір президент тапсырмалары бар. Жаңа стратегиясы пысықталып жатыр. Мысалы, келесі жылдан бастап жасанды интеллект бойынша арнайы квота және SplitPhD деген бағдарлама енгізіледі. Бұл шетелдік университеттерді қолдау үшін керек. Сондықтан «Болашақ» бағдарламасы қажет. Бізге әлі тиісті кадрлар жетіспейді. Бізде сарапшылар қалыптаспаған бағыттар бар: жасанды интеллект, ядролық энергетика секілді. Сол себепті «Болашақ» бағдарламасын мамандандырылған бағытқа бұрамыз. Ол жұмыс істей береді, – деді Саясат Нұрбек.



«Болашақ» бағдарламасы бізге қажет пе?

Бағдарламаны жабу туралы қоғамда қызу пікірталас болды. Бұған дейін депутат Ирина Смирнова білім жобасы өзіне жүктелген міндетін орындамай отырғанын, қаражатты тиімді жұмсаудың басқа да жолы бар екенін айтқан еді. Әлеуметтік желіде де «болашақтың» болашағын ойлап қызыл кеңірдек болып жатқандар бар. «Болашақтықтардың» біразы шенеуніктің баласы деген ойды да көзіміз шалды. Осы ретте, сарапшы, «Болашақ» түлектері қауымдастығының Алматыдағы директоры Арайлымның пікірін білдік.

– «Болашақ» бағдарламасымен бай-бағланның баласы ғана оқуға түседі деу қате түсінік. Ауылда, қарапайым отбасында дүниеге келдім. Ата-анам мектепте мұғалім. Талпынысым мен талабым жетістікке жетеледі. Сондықтан мұндай қасаң көзқарастан арылған абзал.

«Болашақ» – теңдесі жоқ бағдарлама. Шетелдік достарым «оқудың ақысын төлеп, айына шәкіртақы да тағайындайды, тек сабаққа ғана көңіл бөлесіңдер» деп таңқалатын. Мұның ықпалымен Бразилияға, Оңтүстік Африкаға, Еуропаға барып, 5 тілді меңгердім. Дамудың даңғыл жолын қаладым, – дейді сарапшы.

Ал, енді бірі «Болашақтан» басқа жоба болса да кемшілік кететінін айтады. Жанашырлық танытып отырғандар тек түлектер емес. Керісінше, шетелден білім алып келген мамандар тәжірибесімен бөліскенде мықты екені байқалады деген пікірде. Қысқасы, бағдарламаның жабылуына келгенде пікір сан қилы болып тұр. Мәселен, мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов бағдарламаның кемшілігі барын, бірақ оны жабуға қарсы екенін айтты. Оның сөзінше, қателікпен жұмыс істеп, бағдарламаны одан әрі жетілдіруге болады.

– Иә, кемшіліктер бар. Бірақ дәл осы жағдай бағдарламаны жабатындай шешімге әсер етпеуі тиіс. Менің ойымша, бұл мындағы қарапайым баланың арманын жүзеге асыра алатын ерекше жоба. Олар әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік алды. Біздің еліміз 10 мыңнан астам сұранысқа ие кадрларды даярлады, – деді депутат.

Осы ретте, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, Болашақ бағдарламасы «500 ғалым» жобасының стипендиаты Серікхан Жүзеевтің де ойын білу үшін хабарластық.

– Меніңше, «Болашақ» бағдарламасы Қазақстан үшін өте маңызды және қажетті жоба. Бұл бағдарлама еліміздің жастарына халықаралық деңгейде білім алу мүмкіндігін ұсынып, жаңа дағдыларды меңгеруге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға және шетелде тәжірибе жинауға жол ашады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Болашақ бағдарламасының аясында «500 ғалым» жобасы жүзеге асырылып келеді. Ол университет ғалымдарын дамыған мемлекеттерде ғылыми тағлымдамадан өтуіне қолдау көрсетеді. Соның нәтижесінде қазіргі уақытта Ұлыбританияның University of Reading университетінде тағлымдамадан өтудемін.

Болашақ бағдарламасы Қазақстан үшін тек білім беру мүмкіндігі ғана емес, сондай-ақ білікті мамандарды даярлауға бағытталған стратегияның бір бөлігі. Шетелде білім алған жастар елге оралғанда, білімі мен дағдыларын түрлі салада қолданады. Демек, бағдарлама арқылы халықаралық тәжірибені игеріп, оны еліміздің білім беру, денсаулық сақтау, экономика және ғылым салаларын дамытуға пайдалана аламыз.

Қазіргі таңда әлемдегі ең үздік университеттерде білім алу мүмкіндігін беретін мұндай бағдарламалар көп емес. Мысалы, АҚШ-тағы «Fulbright» бағдарламасы туралы айтайық. 1946 жылы құрылған бағдарлама шетелден келген магистранттарға, интердерге және суретшілерге АҚШ-та білім алуына ықпал етеді. Бағдарлама түлектерінің қатарында 60 Нобель сыйлығының лауреаты, 75 Макартур стипендиаты және 89 Пулитцер сыйлығының лауреаты бар. Сонымен қатар, Еуропадағы «Erasmus Mundus» және Ұлыбританиядағы «Chevening» бағдарламалары әлем бойынша жоғары бағаланып, жастарға үлкен мүмкіндік



Сурет ашық дереккөзден алынды

заңсыз шығарып, Ұлыбританияға көшіп кеткен. Ал, болашаққа «жолдама беретін орталық өзі берген құжатты заңсыз деп танып, 30 миллион қарызды қос кепілгердің мойнына ілмек болған. Әйтеуір, резонанс тудырған оқиға шешімін тауып, В.Гавриленко оқу бөрісегінің толық сомасын өз еркімен өтеуге міндеттелді.

Өткен жылы депутат Андрей Лукин 340 стипендиясынан айырылған және 60 стипендиядан бас тартқан адамдардың мемлекетке қарызы 6,5 млрд теңгені құрайтынын тілге тиек етті. Оның айтуынша, ақшаны мемлекетке қайтару шараларын орталық ұзаққа созып жіберген. Оған орталықта істейтін адамдардың әрекетсіздігі себеп. Тіпті, талай сотта мерзімінің өтіп кетуіне байланысты жеңілген. Ал стратегиялық құжаттың жоқтығы бағдарламаның тиімсіздігін көрсетеді.

Үкімет Бас оқу орнатурамен бірлесіп, 1 мыңнан астам «болашақтықтын» еңбекпен өтеуден жалтару фактісін анықтаған. Соның барысында 532 тұлғаға қатысты ресми хабарлама бағытталып, жұмыс орнынан берілген 1 305 «болашақтықтын» анықтамасы қайта тексерілген. Яғни, борышкер «болашақтықтар» мемлекетке қаржыны қайтаруға тиіс. Енді Күш құрылымдары да шетелдегі тұрғылықты мекен жайын жасырғандарға халықаралық іздеу салуды жоспарлаған.

Негізі келісім мен талапты ескерсек, түлектер шетелдегі оқуын аяқтап, Отанға оралуы керек. Астанада немесе республикалық маңызы бар қалада кемінде 5 жыл, ал облыс орталығында 3 жыл қызмет етуі тиіс. Алайда, түлектер ауыл-аймақта әлдебір жұмысқа қағаз жүзінде орналасып, өзі ірі қалаға басқа қызметке тұрады. Бұл да өтеу мерзімін қысқартудағы тағы бір айла. Ғылым және жоғарғы білім министрлігі бұл мәселеде талапты өзгертіп, жаңа мүмкіндіктерді қарастырмақ. Яғни, шетелде қалып, еңбекпен өтеу мерзімін сонда жүзеге асыруына рұқсат. Тек назар аударатын шарт бар.

– Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлі артқан сайын ел түрлі көпжақты бастамалар мен ұйымдарға белсенді қатысып келеді. Қазақстанның осы құрылымдарға кіруі Президенттің жүргізіп отырған саясатына негізделген. Ол халықаралық байланыстарды нығайтуға және мемлекетіміздің жаһандық мәртебесін арттыруға бағытталған. Бұл ретте «Болашақ» бағдарламасының көптеген талантты түлегі БҰҰ, БҰҰДБ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, басқа халықаралық және аймақтық ұйымдарда білімі мен дағдысын тиімді пайдаланып жатыр. Осы мамандардың халықаралық аренада Қазақстан мүдделерін ілгерілетуге қосқан үлесін ескеріп, оның сол ұйымдардағы еңбек қызметін «міндетті еңбекпен өтеу» талаптарына сәйкес деп тану орынды! – деді Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Жаңа стратегия кемшілікті жуып-шай ма?

Кемел келешектің кілті – ғылым мен білім екеніне шүбә жоқ. Сондықтан, шетелде жинаған тәжірибе туған елді түлетуге де негіз. «Болашақ» бағдарламасының нәтижесінде білікті маман атанып, тер төгіп жүргендер бар. Оны жоққа шығармаймыз. Бірақ, «өтпеген-айдың» ойландырып қоятыны тағы рас. Деректер де дәлел болып тұр.

Әлемнің 7 университетінде оқыған түлек әрі сарапшы Арайлым Болатқызымен байланысып, жастардың басым бөлігі қай мамандықты таңдайтынын сұрадық.

– Көбі гуманитарлық мамандықты таңдайды. Бірақ бұл техникалық бағытта сұраныс аз дегенді білдірмейді. Қазір көп грант пен квота бөлініп жатыр. Алдағы уақытта техника мамандары көбеймесе азаймақ емес. Мен оқуға түскен жылы 100 бала оқысақ, соның 40-ы қазақ болды. Барлығы техникалық мамандықта оқыды. Қазір олар Air Astana мен ҚазАвтоЖол сынды ірі мекемелерде қызмет етіп жүр. Сондықтан кадр тапшылығын қалыпқа келтіруге болатын сияқты, – дейді ол.

Қуантатыны, жастардың білімге қызығушылығының жоғары болуы. Шетелде оқу бойынша сарапшы кесеніне жүгініп, сұрақ қоятын ата-ана мен бала көп. Мысалы, Венгрияға тапсыруға жыл сайын студент саны артады екен. Өткен жылы 20, биыл 50 адам тапсырған көрінеді. Сондай-ақ, Польша мен Чехияда оқу бойынша да сұраныс бар. Сарапшының айтуынша, тіпті мұғалімдердің де ынтыасы зор.

Жалпы, биыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша 555 стипендия бөлінген екен. Оның ішінде 395 стипендия магистратура мен резидентура бағдарламасы, 50-і – докторантура, қалған 110-ы – тағлымдамадан өтуге берілген. Байқасаңыз, дарынды жасқа мүмкіндік көп. Бөлінетін бюджет, грант саны да біраз. Бірақ, білікті маманның шетелде қалып, елімізде кадр тапшылығының түйіні толық тарқамағаны көпті күйіндіретін мәселе. Десек те, министрлік бұған белсенді кірісіп, дарынды жастарды қолдауды жалғастыруда. Өйткені, Ғылым және білім министрі Саясат Нұрбек енді қазақстандық оқушылар да бакалавр деңгейінде білім алуы мүмкін екенін мәлімдеген болатын. Бұл «Болашақ» бағдарламасындағы тағы бір өзгеріс. Ал жақында депутат Асхат Аймағамбетов жағымды жаңалықпен бөлісті.

– Жетекші шетелдік университеттер халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына бірден бакалавриатқа грант ұсынады, соның нәтижесінде олар шетелге кетіп қалады. Осы кезеңде біз тиісті қолдау ұсына алмадық, сондықтан жиі мұндай дарынды жастардан айырылып қалдық. Олар тек шетелде білім алып қоймай, кейін сол жақта қалып қоятын еді. Енді «Болашақ» бағдарламасы ең дарынды оқушылар үшін бакалавриаттан бастап қолжетімді болады. Бұл – жас таланттарды қолдап, оларды елде ұстауға мүмкіндік беретін маңызды жаңашылдық. Олар әлемнің үздік жоғары оқу орындарында білім алып, кейін елге оралып, Қазақстанның дамуына өз үлестерін қосады. Дарынды балаларды қолдау – олардың болашағына салынған инвестиция ғана емес, бұл Қазақстанның дамуына бағытталған стратегиялық қадам, – деді ол.


Қысқасы, бұл жаңашылдық серпін берсе, көңілдегі күмән де сөйлер. Ал, нәтижені көре жатамыз.



ұсынады. Бұл бағдарламалар да білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған, бірақ Болашақ бағдарламасының өз ерекшелігі бар. Яғни, ол еліміз үшін арнайы жасалып, тек қазақстандық жастарға ғана ұсынылады. Болашақ бағдарламасы – еліміздің болашағына салынған инвестиция. Меніңше, әр стипендиаттың ойында «обал, сауап, борыш» қағидасы болуы керек, – дейді ол.

ТҮЙІН. Байқағанымыздай, бағдарламамен түбегейлі қоштасқаннан гөрі, оны реформалау тиімді шешім деп танылып отыр. Министрлік те мәселені майшамен қарауға кіріскен сынайлы. Ендігі өзгеріс – уақыт еншісінде.

Замира ҚОНЫСЖАН



Мемлекеттік қызметтерді көрсету – мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының құрамдас бөлігі. Халық үніне құлақ асу, азаматтардың өтініштерін уақытылы қарау – біздің басты міндетіміздің бірі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңына сәйкес, кез келген азамат мемлекет тарапынан көрсетілетін қызмет берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

Оның ішінде жер қатынастары саласы бойынша рұқсат беру тәртібін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 465-бабына сәйкес 16 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды.

Хаттамаларды толтыру барысында лауазымды адамдардың кінәсі заңнамада көзделген тәртіппен дәлелденгендігіне толық көз жеткізіліп, қысқартылған түрде айыппұл салынып, мемлекет кірісіне 812 240 теңге өндірілді.

Сонымен қатар, облыс көлемінде биылғы қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін жер қатынастары саласы бойынша ЖАО-да анықталған бұзушылықтар саны 1373-ті құрайды.

Оның ішінде:
1) Жұмыс кестесін сақтамау – 873;
2) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін (бизнес-процесін) бұзу фактілері – 292;

Жалпы адамзат тарихында кітаптың ролі ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Кітап – даналық, білім және рухани байлықты қайнар көзі. Бірақ қазіргі таңда ақпарат тасқынының шексіздігі адамдарды терең ойлау мен зерделі білімге уақыт бөруден алыстатып барады. Бұл – үлкен қауіп, өйткені кітапсыз өмір айқын бағыты жоқ сапарға ұқсайды.

КІТАП – ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҚ

Кітап адамға білім ғана емес, рухани тәрбие де береді. Ол оқырманды ойлауға, сараптауға, түсінуге және әлемді терең сезінуге үйретеді. Кітап арқылы адам тек жана білім алып қана қоймайды, сонымен қатар өмірлік құндылықтарды түсінеді. Әр бетте жасырынған даналық әрбір оқырманның санасына әсер етіп, оның өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады. Кітап – жаңа әлем бастамасы. Бүгінгі таңда адамның саналы ойлауын, еркін сөйлеуін қалыптастыра отырып, жана бағытқа жол салушы негіз баспадағы.

Бүгінде алтын қазықты кітап қоғамның өмір сүру салтын түбегейлі өзгертті. Әлеуметтік желілер, видеоконтент және қысқа хабарламалар адам санасына үстірт ақпаратты сіңіруге мәжбүрлейді. Нәтижесінде терең оқуға уақыт пен ниет қалмайды. Ал кітап оқу тек білім емес, ішкі тәртіп пен сабырлықты қалыптастыратын процесс.

Кітап оқудан алыстау қоғамды тек үстірт біліммен шектелуге мәжбүрлейді. Мұндай жағдайда адамдардың логикалық ойлау қабілеті төмендеп, өз өмірін басқаруда қиындықтар туындайды. Кітапсыз өмір сүрген адам өзін танудан қалады, рухани бос кеңістік пайда болады. Бұл бос кеңістікті өмірдің мағынасыз дүниелері толтыруы мүмкін. Білім алу ойлауды дамытудың ең оңай жолы. Ал кітап оқымайтын адам тек дайын ақпаратқа үйренеді. Ал кітап оқудан алыстаған адам шығармашылық қабілеттерінен, еркін сөйлеу қабілеттерінен айырылады.

Кітапты өмірдің шамшырағы деуге болады. Ол бізді қиын сәттерде қолдайды, дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі және өзімізді табуға мүмкіндік береді. Әрбір оқылған кітап – өмірге жаңа көзқарас. Әлемнің кереметтерін тануға, өз қабілеттерімізді ашуға және болашағымызға сенімді қадам жасауға кітап себепкер. Кітап оқу тұлға ретіндегі қалыптасудың, өз жолыңды оңай табудың ең сенімді жемісі. Кітапты серік етіп, білім мен даналыққа жетелейтін жолдың үстімен жан-жақты жетілуіміздің өзі бір көрсеткіш. Адамзаттың сан ғасырлық тәжірибесінің арқасында біз өз қоғамымыздың айнасына айналып отырмыз. Келешекке де жол сілтеуші өзіміз.

Кітапсыз өмір – адамды өз жолынан адастыратын белгісіз бағыт. Кітапсыз өмірді елестету қиын. Сол себепті әрбір адам кітап оқуды әдетке айналдырып, оны рухани азық ретінде қабылдау керек. Ол бізге өткеннің тәжірибесін үйретіп қана қоймай, бүгінгі күнге бағыт береді және болашаққа үміт сыйлайды. Кітап адам жүрегінің өзіндік әртүрлі қырларымен таныстырып, оны басқа адамдармен түсіністікке жетелейді. Кітапсыз адам баласы өмірдің біртұтас жүйелі мүшесі болу мүмкіндігінен айырылады. Кітап – болашақтың шамшырағы, бізді белгісіздіктен сақтайтын басты құрал көзі. Білімді, мәдениетті және рухани бай қоғам құру тек кітапқа деген сүйіспеншілік арқылы мүмкін болмақ. Ендеше, кітапты қадірлеп, оны өміріміздің ажырамас бөлігі етейік. Бұл біздің парызымыз.

Нұрдаулет ӘУЕЗ

АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бұл ретте департамент әрбір азаматтың талап-тілегіне заңдық мүддесіне сай қызмет етеді. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін органдар үшін қызмет сапасын арттыру, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының сақталуы басты қағида болуы тиіс. Дегенмен кейбір мекемелер тарапынан саладағы заңнаманың бұзылуына жол беретіні жасырын емес. Департаментке биылғы жылдың қаңтар айынан бастап бүгінгі күнге дейін келіп түскен 75 шағымның 42-і, яғни 56%-ы жер қатынастары саласына тиесілі екені анықталды. Жер қатынастары саласы жиі шағымданатын салалар арасында көш бастап тұр.

Аталған сала бойынша келіп түскен 42 шағымның 30-ы өз құзіреті шегінде қаралып, 4-еуі басқа мемлекеттік органдарға жолданды. Ал қалған 8 шағым азаматтардың өз өтініштері бойынша қараусыз қалдырылды.

Шағымдардың басым бөлігі – мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартулар мен мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің сақталмауына қатысты.

Осы ретте, департамент арқылы жыл басынан бері жалпы 15 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілсе, оның ішінде жер қатынастары саласында орын алған бұзушылықтар бойынша 10 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, департаментпен жыл басынан бері мемлекеттік қызмет көрсету барысында рұқсат беру тәртібін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 465-бабы бойынша жалпы 27 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, мемлекет кірісіне 1 218 360 теңге өндірілді.

3) Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімінің бұзылу фактілері – 86;

4) Артық құжаттарды талап ету фактілері – 77.

Бұзушылықтарға жол бергендері үшін департаменттің ұсынысымен тәртіптік жауапкершілікке мемлекеттік органдар мен ұйымдардың 47 қызметкері тартылды.

Департамент әрдайым тұрғындарға мемлекеттік қызметті заң шеңберінде алуына жәрдем береді.

Егер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнама талаптарының сақталмағанына куә болсаңыз, яғни мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі бұзылса, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартылса, артық құжаттар талап ету фактісі орын алса немесе мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бұзылса, сіз құқығыңызды департаментке шағымдану арқылы қорғай аласыз.

Е.Ж. МЕНДАЛНОВ,

Департамент басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

ТҰҒЫРҒА ҚОНЫП ТУЫМЫЗ...

Біз – қазақпыз, біз – азырпыз, Тәуелсіздік күн бүгін, Мақтан тұтам қазағымның білектейін бірлігін. Желбірейді көк туым егемен елдің көгінде, Еркін ашып отыр бүгін шаңырақтың түндігін.

Есін жиып алған елміз сан ғасырлық соққыдан, Күнміз көкте, бұлтымыз ашық, мүлде жоқ күмән. Кеңейді қарым, молайды қауқар, нықталып қадам, Сейіліп күдік, тарқайды тұтылып тұрған көк тұман.

Асқақтап әуе шарлады, Алашымның арманы, Тұғырға қонып туымыз, қыран құсымыз самғады.

Қиял біткеннің барлығы қалықтап барып қонғанда, Қаумалаған халық пен көмілді нұрға жан-жағы.

Кішілік кейіп танытып, ұлылық деген әлемге, Ізгілік пенен із салды, достық ұсынып бар елге, Қайсар қасиет дарыған, өжеттігі өр-мінез, Өжет мінезді халық бар, осынау күллі әлемде.

Тіктедік міне, еңсені, қалсақта бұрын сүрініп, Тәубешіл ғана халықпыз, Алланың бізге нұры-құт. Тәуелсіздіктің бесігі тербетіп бізді жұбатты, Қазақты қазақ ететін – қайсарлық пенен ұлылық.

Назерке БАҚЫТБЕК

Дене тәрбиесі оқушының өмірінде баға жетпес рөл атқарады, оның жеке дамуының әртүрлі аспектілеріне әсер етеді. Ең алдымен, тұрақты дене жаттығулары физикалық денсаулықты жақсартуға көмектеседі. Балалық және жасөспірімдік шақта тірек-қимыл аппараты, жүрек-тамыр жүйесі сияқты негізгі дене жүйелері қалыптасады.

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ РӨЛІ

Тұрақты дене жаттығулары бұлшықет көрсеткіштерін нығайтып, дененің әртүрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Демек дене тәрбиесін назардан тыс қалдырмаған оқушының суық тию, жұқпалы ауруларға шалдығуы аз болады, бұл оның сабаққа қатысуы мен үлгеріміне оң әсер етеді. Сонымен қатар спорттық іс-шараларға және жаттығуларға жүйелі түрде қатысу тәртіп, табандылық сияқты маңызды тұлғалық қасиеттерді дамытады. Дене тәрбиесі оқушының оқуға, демалуға және жаттығуға уақыт бөле отырып, күнделікті қатан тәртіпті сақтауды талап етеді. Бұл уақытты басқару дағдысы балалардың спортта ғана емес, сонымен қатар оқу және кәсіптік салаларда да табысқа жетуіне көмектесетін болады.


Дене шынықтырудың әлеуметтік мәні жоққа шығаруға болмайды. Командалық ойындар мен спорттық жарыстарға қатысу арқылы мектеп оқушылары топпен жұмыс істеуге үйренеді, коммуникация дағдыларын дамытады және қарым-қатынас орнатуға дағдыланады. Бірлескен жаттығулар және ортақ іс-әрекеттерге қатысу балаларды жақындастырады, өзара көмек көрсетуге және әріптестерін құрметтеуге үйретеді. Маңызды аспект – студенттің өмір бойы бірге жүретін салауатты өмір салтын қалыптастыру. Тұрақты жаттығулар стрессі азайтуға, көңіл-күй мен жалпы эмоционалдық фонды жақсартуға көмектеседі. Мектептегі уақыт шаршауға әкелетін жоғары оқу жүктемесімен

бірге жүретінін түсіну маңызды. Дене шынықтыру, өз кезегінде, психологиялық жеңілдік факторы болып табылады, ол балаларға мектептегі алаңдаушылықтан құтылуға және рахат пен қанағат әкелетін әрекеттерден ләззат алуға мүмкіндік береді.

Дене сау ұлтты жан-жақты дамытып, өсіру үшін дене тәрбиесіне деген сүйіспеншілікті жастайынан тәрбиелеудің маңызы ерекше. Әртүрлі спорт секциялары мен үйірмелерін енгізу, мектепшілік спорттық іс-шараларды өткізу және дене шынықтыруды белсенді түрде насихаттау мектеп оқушыларының дене шынықтыру жаттығуларына оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Мұғалімдер мен ата-аналар белсенді өмір салтының маңыздылығын мысалмен көрсете отырып, тәлімгер ретінде әрекет етуі керек.

Қорытындылай келе, дене тәрбиесі мектеп оқушысының өмірінде басты рөл атқарады, денсаулықты нығайту, жеке қасиеттерді дамыту, әлеуметтену және психологиялық сауықтыруды үйлестіреді. Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру біздің балаларымыздың одан әрі табысты және салауатты өмір сүруінің берік негізін қалайды. Сондықтан білім беру жүйесі мен ата-аналар әрбір оқушының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануына қолайлы жағдай жасауға бар күш-жігерін салуы қажет.

Қазыбек ҚАЙРАТБЕКҰЛЫ



ҚЫЗЫЛША АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Этиологиясына келсек, қызылшаның қоздырғышы Polinosia morbillogum деп аталады. Инфекция көзі – инкубациялық кезеңнің соңғы екініші күнінен бастап, бөртпе шыққаннан төрт күнге дейінгі вирус бөлетін ауру адам. Бесінші тәуліктен бастап қызылшамен ауыратын адамнан ауру жұқпайды.

Бұл ауру қыс-көктем айларында жиі кездеседі және ол инкубациялық, катаральды, бөртпе, пигментация деп аталатын 4 кезеңнен тұрады. Инкубациялық кезең 9 – 17 күнді құрайды. Катаральды кезең 3-4 күнді құрайды. Мұрыннан су ағып, жөтел, конъюнктивит байқалады.

Жалпы интоксикация симптомдары – дене қызуының 38 - 39° С-қа дейін жоғарылауы, бас ауруы, жалпы әлсіздік, асқа тәбетінің болмауы, кейде іште ауырсыну мен зиянатепа.

Бөртпе кезеңі 4-5 күнге созылады. Дене қызуы жоғарылап, жалпы интоксикация симптомдарының күшеюімен сипатталады. Бірінші тәулікте бет, мойын, кеуденің жоғарғы бөлігі, екінші тәулікте денеде, үшінші тәулікте аяқ-қолдарда пигментация пайда бола бастайды. Пигментация кезеңінде дене қызуы тұрақталып, астениялық құбылыстар мен иммунитеттің төмендеуі байқалады. Науқасты емдеу әдетте үй жағдайында жүргізіледі.

Аурудың ауыр ағымындағы, асқинуы, қосымша аурулары бар балалар, әлеуметтік тұрмысы төмен, жабық мекемедегі балалар госпитализацияланады.

Науқастың гигиеналық жағдайын қатаң сақтап, көзін жылы қайнаған сумен күнне бірнеше рет жуу, стоматиттің алдын алу мақсатында ауыз қуысын шаю, сұйықтықтар беру, еріндеріне облепиха майын жағу керек. Диетамен тамақ беріліп, жедел кезеңде өсімдік, сүтті тағамдар ұсынылады.

Дәрілік ем ауру симптомдарының айқындылығына қарай тағайындалады. Симптоматикалық емге қызуды басатын, жетелге қарсы дәрілер жағды. Асқынбаған қызылшада антибиотиктер тағайындалмайды. Десенсибилизациялық ем көрсеткіштеріне қарай тағайындалады. Халықты қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы иммундау үшін құрамдастырылған вакцина және моновакциналар пайдаланылады. Вакцинациялау мен ревакцинациялаудың аралығы 6 айдан кем болмауы қажет.

Гүлдіана БАЛАПАНОВА,
Қалалық №6 емхананың ету мейіргері

2025 жылдың I-тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Кабантайұлы	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін
2	Умербаева Майрамқулы Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін
3	Әбенов Тағат Оразбекұлы	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаның бейсенбісі, сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалаңтос Баһадүр көшесі, 2. Байланыс тел.: 8 (7242) 233-09. E-mail: fink.kyzyl@minfin.gov.kz

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2025 жылдың I-тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтары қабылдауы жүргізілетін адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтары қабылдауы жүргізілетін адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтары қабылдауы күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Бердібаев Ерман Құламетұлы	Бердібаев Ерман Құламетұлы - Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301
	Омаров Серік Серіпбайұлы	Омаров Серік Серіпбайұлы - Департамент басшысының орынбасары	Сәрсенбі Сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

2025 жылғы I-тоқсанда Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті басшыларының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтары қабылдауы жүргізілетін адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтары қабылдауы жүргізілетін адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтары қабылдауы күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенова Әуезбек Сейтжанұлы	Дүйсенова Әуезбек Сейтжанұлы басшы	Сәрсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Есқария Әлібек Тайжанұлы	Есқария Әлібек Тайжанұлы басшының орынбасары	Сәрсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262140
	Мырза Қанат Әзімжанұлы	Мырза Қанат Әзімжанұлы басшының орынбасары	Дүйсенова Сағат 16.00-18.00		8724-2-274959
	Оспанов Тамир Ермұқылы	Оспанов Тамир Ермұқылы басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16.00-18.00		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 221-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)2273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шиелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Компания Олжас Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 060840015929) мекемесі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Мерей шағын ауданы, №11 үй, №44 пәтер. Байланыс телефоны: +7 747 599 9265.

«Фар-Мак» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 130240007377) мекемесі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Темірбек Жүргенов көшесі №36 «А» үй. Байланыс телефоны: +7 747 599 9265.



СЫР СПОРТЫНДА ЖАҢА БАСШЫ

Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы болып **Бактияр Артаев** тағайындалды. Оны Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыс әкімдігі ғимаратында өткен актив отырысында мәлімдеді.

– Мемлекет басшысы отандық спорт саласын кешенді реформалау арқылы бұқаралық, балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуды тапсырды. Ол үшін бізге өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар, мықты басшылар, үздік менеджерлер керек. Осы орайда Туризм және спорт министрлігінің, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімімен Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы лауазымына Артаев Бактияр Ғарифоллаұлы тағайындалды.

Бактияр Ғарифоллаұлы – барлығыңызға жақсы таныс, өз ісінің білікті маманы, мықты менеджер. Спорт саласының жандануына орасан зор үлес қосқан азамат. 2004 жылы Афинада өткен Олимпиада ойындарында ел қоржынына алтын салған чемпионымыз, Вэл Баркер Кубогының иегері, халықаралық спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, бокстан Қазақстан Республикасының 7 дүркін чемпионы.

Бактияр Артаев осы кезге дейін алған білімі мен жинақтаған мол тәжірибесін ескеріп, Сыр өңіріндегі спорт және туризм саласын бұрынғыдан да қарқынды дамытады деп сенім білдіреміз, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кетейік, Бактияр Ғарифоллаұлы 1983 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «Құқықтану», «Менеджмент», Қазақ спорт және туризм академиясында «Дене шынықтыру және спорт», ҚазТұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша білім алған. Сонымен қатар «Құқықтану», «Дене шынықтыру және спорт» магистрі.

2004 жылы «Тараз газшаруашылығы басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің менеджері ретінде еңбек жолын бастап, 2009-2013 жылдары Жамбыл облысы Айшабиді ауылдық округінің

әкімі, Жамбыл облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы, Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымында еңбек еткен. 2013-2021 жылдары «Астана» Президенттік кәсіпқой спорт клубы» корпоративтік қорының президенті, «Тарлан батырлары» ЖШС директоры, «Астана Арлан» ЖШС бас менеджері, ал 2021-2022 жылдары «Қазақстан бокс федерациясы» қауымдастығының ұлттық командалар үйлестірушісі, вице-президенті, Спорт және дене шынықтыру істері комитеті спортты дамыту дирекциясының бокстан мемлекеттік жаттықтырушысы қызметтерін атқарған. Спорт саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін I дәрежелі «Барыс» орденімен наградталған.

«АЖ» ақпарат



АЛТЫН ТАҚҚАН АРУЛАР

Жыл соны жағымды жаңалықтармен түйінделгелі отыр. Әсіресе спорт саласындағы соңғы жетістіктер ел мерейін үстем етіп, әлем елдерінің назарын аудартты. Кешегі UFC файтері, жерлесіміз Шавкат Рахмоновтың жеңісінен кейін ел назары Таиландтың Чиангмай қаласында өтіп жатқан бокстан Азия біріншілігіне ауды.

Бірнеше күннен бері шаршы алаңда шыққан қайсар қыздардың жұдырықтасуы мәрсесіне жетті. Нәтижесінде ел қоржынына бес алтын мен бес қола салған аруларымыз жалпы есепте көш басына шықты.

Ақтық сындарға тоқталсақ, финалға шыққан бес қыздың бесеуі де қарсыластарынан басым түсті. Алғаш болып қыздардың көшін бастап, 60 келі салмақта сыңға түскен Виктория Графеева қытайлық Ли Цянды 5:0 есебімен жеңді. Мұнан соң Аида Әбікеева 63

келідегі қарсыласы вьетнамдық Лин Хань 5:0 есебімен қапы қалдырып, кезекті алтын медальді қанжығасына байлады. Осыдан соң қыздардың ерік-жігері артты десек қателеспейміз. Өйткені 70 келідегі Наталья Богданованың да жергілікті Байсон Маниконды 5:0 есебімен тізе бүктіріп, қазақ қыздарының қайсарлығын бүкіл әлемге паш еткендей болды.

Финалдық бәсекеге шыққан бұрымдылардың қатарында Сыр елінің мақтанышы Гүлсая Ержан да бол-

ды. Былғары қолғап шебері 81 келідегі қарсыласы украиналық Карине Айрапетянға мүмкіндік бермей, соққының астына алды. Осылайша ел қоржынына 4-ші алтынды салды. Жоғары салмақтағы қыздардың кездесуін түйіндеген – Елдана Тәліпова. Ол өзбек спортшысы Олтиной Сотимбоеваны жеңіп, жарысты жоғары жетістікпен қорытындылады.

Бұл қыздардың барлығы мансаптарында алғаш рет чемпион атанып отыр. Осылайша Қазақстан әйелдер құрамасы өз



тарихындағы екінші үздік нәтижені тіркеді. Өйткені бұған дейін 2021 жылы 8 алтынмен алдыңғы қатарда болып еді.

Ал Әйгерім Сәттібаева, Жазира Орақбаева, Ұлжан Сәрсенбек, Милана Сафронова мен Диана Мағауиявалар қола жүлдеге қол жеткізді.

Азия біріншілігінде есте қалған спортшы арулардың ішінде алтыннан алқа тағынғандары емес, қалың қазақтың ерекше ықыласына бөленген бес баланың анасы – Әйгерім Сәттібаева болды. 48 келіде

жұдырықтасқан ару ұзақ жылғы үзілістен соң рингке қайта оралып, қола медальді қанағат қылды. Бұл оның спорттық жолындағы Азия чемпионатындағы екінші жүлдесі.

Бұрымды қыздардың белесінен соң жеңісті жорық финалға шыққан ерлер құрамасына жұғысты болсын деп тілектестік білдіргенбіз. Бірақ бұйырғаны – төрт алтын мен бес күміс болды.

Нұр БАҚЫТ

ҮСТЕЛ

ТЕННИСІНІҢ ТИІМДІ ТҰСЫ

Үстел теннисі – әлемдегі ең танымал һәм қарқынды дамып келе жатқан спорт түрі. Оның артықшылықтары көп және дене мен ақыл-ой үшін теңдесі жоқ ойын. Біз бүгін үстел теннисінің денсаулыққа, ақыл-ой қабілетіне және әлеуметтік қарым-қатынасқа тигізетін пайдасы жайлы ой қозғамақпыз.



Үстел теннисі дененің барлық бұлшықеттерін қозғайтын әрі қарқынды қозғалысты талап ететін спорт түрі.

Аталған спорт түрі жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысын жақсартып, қан айналымын ретке келтіреді. Сондай-ақ түрлі аурулардың алдын алуға көмектеседі. Теннис ойнау арқылы дененің қозғалысы мен көздің байланысы жақсарып, бұл әсіресе қарт адамдар үшін өте маңызды. Бір сағат ойын барысында шамамен 300-400 калория жағуға болады, бұл салмақты бақылауға ұстауға көмектеседі.

Үстел теннисі – стратегиялық және тез шешім қабылдауды қажет ететін ойын, сондықтан ол ми жұмысын жақсартатын құрал ретінде кеңінен танымал. Доптың қозғалысын бақылау және дұрыс бағытта әрекет ету зейін мен реакция жылдамдығын қалыптастырады. Жүйелі түрде ойнау мидың жаңа нейрон байланыстарын құруына ықпал етіп, нәтижесінде есте сақтау қабілетін арттырады. Бұл спортты кез келген жастағы адам ойнай алатындықтан, отбасы мүшелерімен, достармен немесе әріптестермен уақытты тиімді әрі қызықты өткізуге болады.

Дүние жүзінде түрлі компаниялар, сонымен қатар мемлекеттік жұмыс орындарында да әріптестік ынтымақтастықты арттыру мақсатында үстел теннисіне баса мән береді. Біріншіден қызметкерлер жұмыс арасында бой сергітсе, екіншіден күнделікті сәлемдесумен шектелетін адамдар ойын барысында ортақ қызығушылық тауып, таныстық арта түседі.

Үстел теннисін ойнау жас пен дене дайындығына

қарамастан барлығына жарамды. Жастар үшін бұл спорт дене дамуына ықпал етсе, ересектер үшін стресті азайту мен дене белсенділігін арттырудың керемет тәсілі.

Сондай-ақ үстел теннисі ауыр жарақаттану қаупі аз спорт түрлерінің бірі. Сондықтан оны кәсіби спортшылар ғана емес, әуесқойлар да еркін ойнай алады.

ПИНГ-ПОНГ ТАРИХЫ

Үстел теннисі немесе пинг-понг – әлемде ең танымал спорт түрлерінің бірі. Оны XIX ғасырдың соңында американдық Джон Джеквесс ойлап тапқан. Басқа ойындар сияқты, үстел теннисінің алғашқы нұсқасы да кездейсоқ пайда болды.

Үстел теннисі алғашында «Пинг-Понг» деп аталған. Бұл атау 1880 жылдардың соңында танымал болған «J. Jaques & Son» компаниясының белгісіне байланысты туындаған. Ойын барысында шариктің үстел үстінде қозғалысынан шыққан дыбыстың әсерінен осындай атау алған көрінеді. Яғни «пинг» – ракеткамен допты ұрған кезде шығатын дыбыс болса, «понг» – доп үстелге тигенде шығатын дыбыс.

Үстел теннисінің алғашқы ережелері қарапайым еді, дегенмен аз уақыттың ішінде кеңінен тарала бастаған спорт түрі 1890 жылы Англияда алғаш рет ресми турнир өткізу деңгейіне көтерілді. 1926 жылы Халықаралық үстел теннисі федерациясы (ITTF) құрылып, ойынның әлемдік ережелері бекітілді. Осыдан кейін спорт жарыстары мен чемпионаттар әлемдік деңгейде ұйымдастырылып, үстел теннисі халықаралық деңгейде кеңінен таралды.

Қазақстанда үстел теннисі XX ғасырдың ортасында танымал бола бастады. Алғашында спорттың бұл түрі негізінен жастар арасында кеңінен тараған болатын. Бүгінде Қазақстанда үстел теннисінің турнирлер мен чемпионаттар өткізіліп, қазақстандықтардың сүйікті ойындарының біріне айналып отыр.

Үстел теннисін бастау үлкен дайындықты қажет етпейді. Бар болғаны үстел, ракетка және доп болса жеткілікті. Егер денсаулығыңызды нығайтып, белсенді өмір салтын ұстанғыңыз келсе, үстел теннисін таңдаңыз!

Аружан ОРАЛБАЙ

ЖАСЫНДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН ЛАМИН ЯМАЛЬ

Талай жылдық тарихы бар каталондық «Барселона» клубын футбол сүйер көрермен жақсы білсе керек. Ашауыт клубтың құрамында қандай футболшылар ойнамады десеңізші?! Төрткүл дүниені аяғына телмірткен атақты футболшы – Лионель Мессидің өзі осы клубтың шекпенінен шықты. Бойы аласа аяқдопшының талантын байқаған клуб ұжымы дереу келісімге келіп, оның денсаулығына қатысты мәселенің барлығын өз мойындарына алды.

Сол секілді кейінгі уақытта қосылған ойыншылар қатарында Боян Кркич есімді аяқдопшы болды. Болашағынан зор үміт күттіретін оны көпшілік Мессидің ізбасары деп, клубтың аңызына балаған. Алайда көптеген жаракат ойыншының болашағын бұлыңғыр етті. Міне, осындай жастай жарқыраған футболшылардың қатарын испаниялық шабуылшы Ансу Фати де толықтырады. Оның да келешегі көпке ұзамай, жаракатының салдарынан ұзаққа бармады.

Атақты клубтың академиясы жас ойыншыларға бай. Кейінгі 2-3 жылдықта Хави мен Инниестаның орын басатын Габи мен Педри есімді жартылай қорғаушыларды көпке таныстырды. Одан қалды Пуйоль, Жерар Пике, Хавьер Маскерано сынды қорғаушылардың орын жоқтатпау үшін Пау Кубарси есімді жас талант өзін дәлелдеп келеді. Ендігі мәселе – шабуылда. Жыл сайын негізгі құрамға ойыншылар қосатын каталондық клубтың бұл ретте де жолы болды. Өйткені академияда бала күннен тәрбиеленіп, ұжымның барлық сынынан өткен жас талант – Ламин Ямальдың есімін қалың жұртқа паш етті. 15 жасында «Барселона» клубының негізгі ойыншысы атанған бұл оқушы бала жаз айларында өткен Еуропа біріншілігінің чемпионы атанып, түрлі рекордтарды бұзды.

Әлемдік футболдың болашағынан зор үміт күттіретін Ямальменқойылған жаңа келісімшарткерордтық көрсеткішке жетті. Яғни қазіргі күні 1 миллиард еуроға бағаланып отыр. Ламин Ямаль 2007 жылы Испанияда дүниеге келген. Ол өз жолын «Барселона» академиясында бастаған. 2022 жылы, небәрі 15 жасында, клубтың негізгі құрамында дебют жасап, әлем футболындағы ең жас ойыншылардың бірі ретінде танылды. Биыл, маусымда Ламин Ямаль 16 матчқа қатысып, 6 гол соғып, 8 пас беріп үлгерді.

Бұл ойыншы неге мұнша қомақты қаражат алады? Бұл шара, әдетте, талантты ойыншыларды басқа клубтарға ауысып кетпеуі үшін жасалады. Мәселен, Лионель Месси, Неймар және Педри сияқты ойыншылардың келісімшарттарында да осы мәселе қарастырылған болатын.



«Transfermarkt» дерегі бойынша, Ямальдың нарықтық құны 120-150 миллион еуро аралығында бағаланады. Бірақ «Барселона» басшылығы оның потенциалын ескере отырып, оған ерекше шарттар қойды.

Ламин Ямаль өз сұхбаттарында «Барселонада» ұзақ уақыт болғысы келетінін және жолын осы клубта аяқтағысы келетінін бірнеше рет айтқан.

Клуб басшылығы оның ерекше қабілеттерін мойындап, болашағын осы ойыншыға сеніп тапсырып отыр. Бас жаттықтырушы Ханс Дитер Флик те жас ойыншының негізгі құрамға жиі қойып, оның тәжірибесін арттыруда.

Ламин Ямальдың «Барселонамен» жаңа келісімшартқа отыруы жалпы клуб тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі. Клубтың жас таланттарға сенім білдіруі және оларды дамытуға ерекше назар аударуы батыл, әрі жөн шешім. Бұл келісімшарт футбол әлемінде сенсация тудырды, себебі мұндай жоғары сомадағы өтемақы өте сирек кездеседі. Алдағы уақытта Ямальдың жетістіктері жанкүйерлер мен сарапшылардың назарында болары сөзсіз.

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА



Әлем

Назарындағы суретші

Алақандай ғана жапыраққа тұтас бейнені түсіруге болады екен. Ғажап, иә?! Әдетте қылқаламның ізі қағазға түсетінін білеміз ғой. Ал, Қанат Нұртаев суретті жапыраққа да сызып салуға болатынын айқындады. Ерекшелігі де сол, қылқаламсыз, тосап, кофе, москит торы, шеге мен жіп, құм арқылы сурет салудың 86 тәсілін игерген. Әлемнің әр түкпірінен ұсыныс алса да, Қанат туған елден табан аудармаған. Ол сурет өнерін табыс табу ретінде емес, хобби ретінде қарастырады. Қазіргі таңда Астана қаласында «Dental time» тіс емханалар желісінің директоры қызметін атқарады. Осы ретте, шебер суретшімен сөйлесіп, қабілетіне тағы бір мәрте қанық болдық.

жанкүйер болған азамат үшін бұл қуаныш болғаны анық. Иә, Қанат Нұртаев әлемді аузына қаратқан алпауыт компаниялар Nickelodeon мен Disney-дің де назарына іліккен. Осы тұста, «арадағы шығармашылық байланысты негізгі артықшылық бар?», «Ал, Disney-де жұмыс істеуде сізді шабыттандыратындай бала кездегі сүйікті мультфильміңіз бар ма?» деген сауалымызды қойдық.

– Негізі жеке тапсырыс қабылдай бермеймін. Бірақ, жоба өзіме қызықты болса, еркіндік берілсе бірлесе жұмыс істеуден бас тартпаймын. Меніңше, әріптестік байланыста бір-бірін түсіну маңызды. Нақты тапсырма беріп, сеніммен қараса, арада мәселе де туындамайды. Мұндағы артықшылық сол. Еркіндік беріледі. Бұйрық бермейді. Нұсқамайды. Тек әуеліде егжей-тегжейлі ақылдасып аламыз. Бұл компаниялармен анимациялық фильмдер желісі бойынша жұмыс істедік. Яғни, кейіпкерлерді жапыраққа салып, дайындап бердім. Ал, Disney-дің ұсынысы бойынша «Суық жүрек-2» және «Малефисента-2» сюжеттеріне сурет салдым. Бұдан бөлек, балалар ойын-сауық арнасы Nick Jr-дан да хабарласып, әріптес болдық. Осылайша, көрерменнің көзайымына айналған бірнеше кейіпкердің бейнесін салған едім.

Ал, өзіме келер болсақ, Disney-дің «Король Лев» мультфильмі ұнайды. Қазір балаларыма да өсіп келеді. Солармен бірге қайтадан көрсемін, – дейді суретші Қанат.

Оның өнерінің кілті – креатив деп топшыладық. Суретті қағазға салумен шектелмей, 100 тәсілмен түрлендіріміз деп мақсат қоюы сөзімізге айғақ. Ал, еркіндік – есінен шығармайтын негізгі қағидасы. Шетелдік журналистер де Қанат Нұртаев туралы жарыса жазыпты.

– Англия, Үндістан, Бразилия, Жапония, Германия, Ресей журналистері сюжет дайындап, мақала да жазды. Мысалы, америкалық «People» журналы, сондай-ақ, француз журналы да шығармашылығым жайында қызығушылық



танытты. Жарияланымдар тек интернет платформаларда емес, газет беттеріне де шықты. Әрі олардың арқайсысын сақтауға тырысамын, – дейді ол. Бәлкім, көпшіліктің көкейінде «жапырақ құрап қаламай ма?», «Қыс мезгілінде қалай сақтайды?» деген сұрақ туындаған шығар. Мұның да жауабын білдік. Оның айтуынша, жазғы және күзгі жапырақтардың қызыл-сары санды түрлі палитрасын жинап, кітап арасына сақтайды екен. Соғып, арнайы сүйікті арқылы қайтадан жұмсақ қапына келтіреді. Ендеше, сіз де талайды тәтті еткен туындыларды қарап көріңіз, оқырман!

Замира ҚОНЫСЖАН

Расымен, жапырақ – өте нәзік. Тайқып кетсе, туындының талқаны шығады. Өшіргішті пайдаланып, қайта өңдеуге мүмкіндік жоқ. Демек, мұның артында еселі еңбек пен төгілген тердің мөлшері жатыр.

– 2013 жылы оқуды Малайзияда халықаралық бизнес менеджменті мамандығы бойынша тәмамдадым. Содан соң жұмыс та істедім. Уақытымды тиімді пайдалану да қаперімде. Сөйтіп шығармашылықпен айналыстым. Негізі бұрын сурет салуға бейім болмағанмын. Тіпті, бала күнгі арнамын да бөлек еді. Бірақ, тың тәжірибе жасаудан тыс қалған емеспін. Осылайша, алғашқы туындымды жапырақ арқылы дайындап, ізденіс ізін жалғадым. Бағаммен шыныны майдалау арқылы да сурет салуға кірісіп, тәсілді түрлендіруге тырыстым. Креативті болу үшін кідіріп қалуға болмайды. Жапырақтар жұмсақ болғандықтан, шыдамды болу керек. Бірақ, үздіксіз жұмыс істеу арқылы қол да жаттығады. Жұмысты аяқтау күрделілігіне байланысты. Негізі бір туындының бастамасы үшін 4-5 сағат, ал толық аяқтауға 10 сағат уақытым кетеді, – дейді Қанат Нұртаев.

Кей картинаға өң беретін сан түрлі бояудың сиқыры дейміз. Ал, жапыраққа түскен бейненің күнмен шағылысқандағы әсері тым бөлек. Онда жапырақтың ғана түсі рөл ойнайды. Қанат Нұртаев портреттен бастап, көңілі мен қиялында қиылысқан түрлі бейнені салады. Оның шеберлігіне шетелдіктер де тәнті болған. Мысалы, жапырақтағы «Real Madrid» клубының логотипі мен Серхио Рамос бейнесі сәтті шыққан туынды. Испаниялық футбол клубы жоғары бағасын беріп, оң пікірін айтқан. Тіпті бірлесе жұмыс істеуге ұсыныс білдіріп, байланыс орнатқан. 2002 жылдан бері командаға

Жайдарман ойындарының негізі қалағалы біраз жылдың жүзі болды. Халық сүйіктісіне айналған бұл қозғалыс қоғамдағы өзекті тақырыптарды әзіл арқылы астарлай жеткізе білетіндігімен ерекшеленеді. Десек те қазіргі жайдарманды осыдан 6-7 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда айырмашылықтың жер мен көктей екенін аңғарамыз.

«Бұл да бір мектеп» дейді жайдарманшылар қауымы, бірақ бүгінгі жайдармандың жастарға берері не? Осы тақырып аясында белгілі жайдарманшылар Төрбек Дәрмағамбетов пен Асылхан Дүкенбай пікір бөлісті. Сондай-ақ Қызылорда Жайдарман филиалының директоры Руслан Тәкісбаймен де өңірдегі жас жайдарманшылардың бүгінгі аяқ алысуы туралы әңгіме өрбіткен едік.

– Бар жанарды жаулаған деп бекер айтылмаса керек, алайда оның қазіргі жағдайы қандай? Қолдау жеткілікті ме? Облыстағы ахуал жайлы айта өтсеңіз...



Руслан Сұлтанбекұлы, Қызылорда Жайдарман филиалының директоры:

– Жайдарман – жастарға тәрбие бере алатын алаң. Жалпы оны республикалық деңгейде алып қарайтын болсақ, дәрежесі өте жоғары, маңызы зор деп айтсақ жаңылмаймыз. Өздеріңіз білетіндей, жастардың басым бөлігі осы жайдарман ойындарының тұрақты көрермені.

Жайдарман ел көлемінде жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Атап айтқанда, «Nomad», жастар, ұлттық лига,

ЖАЙДАРМАН — ЖАСТАР МЕКТЕБІ

бірінші лига һәм жоғары лигадан тұрады. Жыл басында маусымашар ойындары өтеді, оған 300-ге жуық құрама қатысуға ниет білдіреді. Құрамалар өз дәрежесіне байланысты лигаға жолдама алып, өсе бастайды. Облыс көлемінде айтатын болсақ, Жайдарман ойындары екі лига – мектеп және жоғары лигада тұрақты түрде өтеді. Мектеп лигасына қала, аудан, ауыл оқушылары қатысса, жоғары лигада колледж, университет студенттері бақ сынайды. Жоғары лигада жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ. Сондай-ақ бұл ойындарда еркін құрамалар да бой көрсетеді.

Өңірде өтетін Жайдарман ойындарының тұрақты демеушісі бар деуге келмес, десек те қолдаудан құр алақан емеспіз. Облыс көлемінде өтетін бұл байқауды жеке кәсіпкерлерді тарту арқылы өткіземіз. Сонымен қатар әкімшілік тарапынан облыс әкімінің жұлделіс арнаған аямы бар. Оған республикалық көлемде командалар қатысады, сондай-ақ бұл байқауды Қазақстан ҚВН Одағының Президенті Есен Елеукеңнің өзі тізгіндейді.

Аймақта жыл көлемінде арнайы жобалар мен тұрақты чемпионаттарды қосқанда, 15-20 шақты ойын ұйымдастырамыз. Мектеп құрамалары мен үлкендерді қоса алғанда, Жайдарман сахнасында 80-ге жуық команда өнер көрсетеді. Басым бөлігі мектеп құрамалары және бұл өте қуантарлық жағдай деп есептеймін. Себебі Жайдарманның болашағы осы жастар деп білеміз, – дейді.

Сыр өңірінің атын шығарып, мерейін үстем етіп жүрген құрама деп Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Q» құрамасын ерекше атап өтті филиал басшысы. Республикалық ұлттық лига сайыстарының жарыспалы финалына дейін жолдама алған бұл құрама биыл жақсы өнер көрсетті. Сондай-ақ ол Сыр намысын республикалық бірінші лигада қорғайтын «Сұран алмадық» ерекше жандардан құралған команданың бар екенін жеткізді. Аталған топ республикалық бірінші лиганың финалына дейін жетіп, үшінші орынды иеленген. Осыған орай, келесі жылы республикалық сайыста бақ сынайтын командаларды күшейту жоспарланып отыр.

Көбімізге белгілі «Арал-АС» құрамасының ойыншысы Төрбек Дәрмағамбетов те Арал ауданында көп жастың Жайдарманға бет бұруына себепкер болып, оларға әзілдің қыр-сырын дәріптеп жүр. Сонымен қатар күні кешеге дейін облыстағы жайдарман ойындарында редакторлық қызметті атқарып

келді. Өңгіме барысында жайдарман болшағына алаңдаушылығын жасырмаған ол «көптің құлағына шалынса екен» деген ниетін білдірді. – Сахнадан қозайым болып жүрген әзілдердің көбіне өзінің редакторлық еттіңіз. Өңірдегі Жайдарман редактурасы қаншалықты саналы? Не жетіспейді және қызылордалық жайдарманшылардың әлеуеті туралы ой бөліссейңіз...



Төрбек Дәрмағамбетов, «Арал-АС» құрамасының ойыншысы, жайдарман жанашыры:

– Қызылорда облысы бойынша сахнаға жол тартатын әзілдерді сүзгіден өткізіп, Жайдарман ойындарында редакторлық қызметті 5 жылдан астам уақыт атқардым. 2018-2019 жылдары біздегі Жайдарманның жағдайы майшамен қаралды. Сол кезде осы лауазымға мені жауапты етіп сайлаған еді. 2024 жылы редакторлық істі ізимнен ерген жастарға табыстадым.

Өңірдегі Жайдарман ойындарының бүгінгі редактурасына қатысты айтатын болсақ, жаман емес дер едім. Себебі Жайдарманда өз ісінң мамандары тізгіндеді. Кем жері болса жалпап, артық жерін кесіп, тиянақты жұмыс атқарып отыр.

Әлеуетіне қатысты айтатын болсақ, көрсеткіш орташа. Әлі күнге дейін жұмыс істеп келеміз. Бұрынғы жоғары лигада, жалпы республикалық сайыстарда бірнеше команда өнер көрсететін еді. Ал бүгінде санаулы ғана. Ашығын айтқанда, ауыз толтырып айтарлықтай әзілкерлердің саны саусақпен санарлық. Бұл – төмен көрсеткіш. Себебі

облыс жайдарманшыларының көбі мектеп командалары.

– Аудан көлемінде жайдарман жақсы насихатталған ба? Осыған қатысты өз пікіріңізді айта өтсеңіз.

– Республика көлемінде аудан-ауылда Жайдарманның насихатталуы туралы нақты дерек білмеймін. Өзім Аралда ұйымдастырылатын Жайдарман ойындарының басы-қасында жүремін. Алайда өзге аймақтағы жетекшілермен сөйлесу арқылы мынадай қорытындыға келдім. Қоғамда әзілкерлерге қатысты бұрыс пікір қалыптасқан. Мәселен бала жайдарманшы болса, оның сабағы нашар немесе бос дүниемен айналысады деп ойлайтын мұғалім саны көп. Осы таптауырын пікірден әлі күнге дейін асып кете алмай жүрміз. Сондай-ақ көп жағдайда Жайдарманды соңғы орынға қойтыны қиындайды. Ал бір мектеп ұйымдастыратын іс-шаралар мен аудандық саптанаты кештерді атқаруда жайдарманшы жастардың пайдасы көп екенін ешкім аңғармайды. Жайдарман үйірмесі аудандардан тек Арал мен Қазалыда ғана бар, ал өзге қалалар туралы нақты айту қиын.

Жергілікті Жайдарман ойындарында «ішкі қунияға» қатысты немесе анайы әзіл көп. Сондай-ақ бұрын көрсетілген, яғни плагиат әзілдер жиі кездеседі. Осы арқылы жайдарманға үйренген бала облыстық көлемдегі жайдарманға келеді. Оның ауданды күлдірген әзілі облыстық көлемде көрсетуге жарамайды. Бірақ оны не балаға, не жетекшіге түсіндіре алмайсың. Сол себепті жайдарманшыны о бастан дайындау керек.

Қорытындылай келе, Жайдарманға келген кезде мынаны ұғыну керек: не Жайдарманға бір дүниенді бересің, не аласың. Ол өзіне байланысты. Мұнда қаражаттың мені уақыттың, шыдамның сынау түседі. Жайдарман – үлкен мектеп. Біраз дүниені санаға сіндіруге болады. Біз ҚВН-ге енді табан тіреген кезде қызығушылықтың лебі мықты болды, одан кейін жауапкершілік, ал қазір жұмысқа айналып кетті, – дейді.

Қоғам белсендісі, шоумен Асылхан Дүкенбай да Жайдарманнан ашақтаған жоқ. Жас әзілкерлерді әрдайым қолдауға дайын ол бүгінгі Жайдарманның жағдайына да бейжай қарамайтынын жеткізді.

– Өңірдегі «Жайдарман» ойындарына үзбей қатысып келеміні. Байқасам, көптеген ойында қазылық етіп, жас әзілкерлерді



қолдап жүріз. Айтыңызшы, жастар жайдарманына не жетіспейді? Әзілдің деңгейі қаншалықты көңіге қонымады? Асылхан Дүкенбай, ардагер жайдарманшы:

– Иә, жастардың шығармашылығын бағалауға шақырады. Қолдау үшін келемін. Әр ойын сайын «келесі ойын жақсы болып қалатын шығар» деп әттеген-айлап қайтамын. Алайда өзгерісті аз байқаймын. Бұрынғымен салыстырғанда келмейді, себебі қазіргі әзілдің деңгейін жоғары бағалау қиын. Мұны жоғары лигада команданың жоқтығынан байқасаңыз да болады. Жақсы жетістікке жетіп жүрген құрама аз.

Қанша сынап, мін таксақ та, барынша ақыл-кеңесімзді айтамыз. Жайдарманның тарихы терең. Ол тарихта атың қалу үшін еңбектену керек, жалқаулық танытпау керек. Нәтиже аз, осыған ішің ашыды. Біз жол сілтемесек, дұрыс бағытты оларға кім көрсетпек? Сөзіміздің торкінін түсініп, айтқан сынмызды ұқса екен деймін бүгінгі әзіл сүйер жас, – дейді.

Түйіндей келе, «Жайдарман» арзан әзіл мен бос әңгіменің ошағы емес екенін түсінеміз. Қоғамның ақымды мәселелерін әзілмен жеткізуді көздейтін бұл қозғалысқа қолдау үлкен қолдау қажет ақ. Себебі, ардагер жайдарманшылар атап өткендей, жастардың Жайдарманнан алатыны көп, оның да берері мол.

Нұршат НЫШАНОВА

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VРУ00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.

«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Қабылдау бөлмесі: Тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Абзал ЖОЛТЕРЕК	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz
	Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ
	Таралымы: 7049 Тапсырыс: 1955